

«Болат Өтемұратов қоры» жеке қор

Жекелеген қаржылық есептілік

*2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен қоса*

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Жекелеген қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп.....	1
Жиынтық зиян туралы жекелеген есеп.....	2
Таза активтердегі өзгерістер туралы жекелеген есеп	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есеп	4
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертпелер	5-36



Shape the future
with confidence

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., А15Е3Н4
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
БСН 041140002277
ey.com/kz

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, А15Е3Н4
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
БИН 041140002277

Ernst & Young LLP
77/7 Al-Farabi ave.
Esentai Tower
Almaty, A15E3N4
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
BIN 041140002277

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Болат Өтемұратов қоры» жеке қордың басшылығына

Пікір

Біз «Болат Өтемұратов қоры» жеке қордың (бұдан әрі - «Қор») жекелеген қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп, жиынтық зиян туралы жекелеген есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, жекелеген қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған жекелеген қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда Қордың 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған.

Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің жекелеген қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Қорға қатысты біз тәуелсізбіз. Біз сондай-ақ осы талаптарға және БХЭСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Басшылықтың жекелеген қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық жекелеген қаржылық есептіліктің ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ жекелеген қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Қорды таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз жекелеген қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы жекелеген қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмаланған түрде ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- ▶ Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде жекелеген қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есеп беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;



Shape the future
with confidence

- жекелеген қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ жекелеген қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалардың назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, солармен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Гульдария Зарипова
Аудитор

Аудитордың 2017 жылғы 13 қаңтардағы
№ МФ-0000414 біліктілік куәлігі



Рустамжан Сатпаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы
МФЮ-2 №00000003 болатын Қазақстан
Республикасының аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

А15ЕЗН4, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2026 жылғы 22 маусым

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар		48.230	70.954
Материалдық емес активтер		39.398	20.525
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		91.989	58.140
Еншілес ұйымға инвестициялар	5	1.865.315	1.865.315
Қауымдасқан ұйымға инвестициялар	6	5.249.584	4.938.279
Басқа да айналымнан тыс активтер		2.431	2.867
		7.296.947	6.956.080
Айналымдағы активтер			
Қорлар	13	256	733.178
Алдын ала төлем және өзге де айналымдағы активтер	7	2.962.458	10.609.009
Қысқа мерзімді қаржы активтері	8	10.051.374	–
Басқа да айналымдағы қаржы активтері	9	8.241.806	997.937
Ақша қаражаты мен оның баламалары		24.353	17.166
Айналымдағы активтер жиыны		21.280.247	12.357.290
Активтердің жиыны		28.577.194	19.313.370
Міндеттемелер			
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	10	3.606	1.956.704
Пайдаланылмаған қайырымдылық жарналары	11	21.604.824	10.158.194
Жалдау бойынша міндеттемелер		98.114	35.967
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер		99.390	88.492
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны		21.805.934	12.239.357
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Жалдау бойынша міндеттемелер		32.627	36.349
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		32.627	36.349
Міндеттемелердің жиыны		21.838.561	12.275.706
Таза активтер			
Бөлінбеген кіріс		6.738.633	7.037.664
Таза активтер жиыны		6.738.633	7.037.664





Бас директор



Г.К. Мурзалинова

Бас директордың орынбасары - Қаржы директоры



А.К. Атажанова

Бас бухгалтер

ЖИЫНТЫҚ ЗИЯН ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2025 жыл	2024 жыл
Кірістер	12	15.518.560	46.535.695
Өткізудің өзіндік құны	13	(15.345.755)	(46.537.240)
Жалпы пайда / (зиян)		172.805	(1.545)
Әкімшілік шығыстар	14	(534.209)	(347.212)
Басқа да кірістер		478	20.881
Басқа да шығыстар		(28.046)	—
Операциялық залал		(388.972)	(327.876)
Қордың қауымдасқан ұйымның пайдасындағы үлесі	6	311.305	995.725
Қаржылық кірістер	15	353.136	394.771
Қаржылық шығыстар		(27.452)	(44.666)
(Теріс) / оң бағамдық айырма, нетто	16	(547.048)	78
Салық салынғанға дейінгі (зиян)/пайда		(299.031)	1.018.032
Табыс салығы бойынша шығыс		—	—
Жыл ішіндегі (зиян) / пайда		(299.031)	1.018.032



 А.Б. Карбозова

Бас директор


 Г.К. Мурзалинова

Бас директордың орынбасары - Қаржы директоры



А.К. Атажанова

Бас бухгалтер

ТАЗА АКТИВТЕРДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Бөлінбеген кіріс	Таза активтер жиыны
2024 жылғы 1 қаңтарға	6.019.632	6.019.632
Бір жылғы пайда	1.018.032	1.018.032
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	1.018.032	1.018.032
2024 жылғы 31 желтоқсанға	7.037.664	7.037.664
Бір жылғы залал	(299.031)	(299.031)
Бір жылғы жиынтық залал жиыны	(299.031)	(299.031)
2025 жылғы 31 желтоқсанға	6.738.633	6.738.633



А.Б. Карбозова

Бас директор



Г.К. Мурзалинова

Бас директордың орынбасары - Қаржы директоры




А.К. Атажанова

Бас бухгалтер

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2025 жыл	2024 жыл
Операциялық қызмет			
Қайырымдылықтан ақша қаражатының түсімі		27.458.215	31.100.159
Өнім жеткізушілер төлеген ақша қаражаты		(2.275.687)	(8.755.127)
Жалақы және тиісті салықтар бойынша шығыстар		(838.240)	(624.022)
Қайырымдылық көмек көрсету		(6.185.687)	(18.729.236)
Бюджетке жасалатын төлемдер		(3.787)	(55.122)
Қарыздар бойынша төленген пайыздар		-	(31.776)
Басқа да есептен шығарулар		(108.227)	(37.780)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		18.046.587	2.867.096
Инвестициялық қызмет			
Депозиттер бойынша алынған сыйақылар		353.041	394.453
Банк салымдарын орналастыру		(69.622.813)	(20.440.145)
Банк салымдарын алу		61.868.638	20.445.720
Қаржы құралдарын сатып алу	8	(10.529.973)	-
Негізгі құралдарды сатып алу		(5.577)	(17.952)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған / (алынған) таза ақша ағындары		(17.936.684)	382.076
Қаржылық қызмет			
Алынған қарыздар бойынша түсімдер	18	4.360.000	20.544.433
Алынған қарыздарды төлеу	18	(4.360.000)	(23.751.733)
Жалдау шарты бойынша төлемдер		(23.865)	(28.959)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(23.865)	(3.236.259)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		86.038	12.913
Валюта бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері			
		(78.851)	(1.100)
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары		17.166	5.353
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары		24.353	17.166

	А.Б. Карбозова	Бас директор
	Г.К. Мурзалинова	Бас директордың орынбасары - Қаржы директоры
	А.К. Атажанова	Бас бухгалтер

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Болат Өтемұратов Қоры» жеке қорының (бұдан әрі – «Қор») қызметі негізінен Қазақстан Республикасында жүзеге асырылады.

Қор Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мағынада коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қор 2014 жылғы 27 ақпанда құрылды. 2018 жылғы 8 маусымда Алматы қаласы бойынша Әділет департаменті компания атауының өзгеруін тіркеді: «Болат Өтемұратовтың «Асыл Мирас» қайырымдылық қоры» жеке қоры «Болат Өтемұратов қоры» жеке қор болып өзгертілді.

Қазақстан Республикасы қызметін тіркеу, орналасқан және жүзеге асыратын орын болып табылады. Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тәжібаева көшесі, 155.

Қорды Б.Ж. Өтемұратов құрды. Қорды қаржыландыру негізінен Құрылтайшының жарналарымен және занды тұлғалардың қайырымдылық көмегімен қамтамасыз етіледі.

Қордың қызметі көп жобалы сипатқа ие, Қор денсаулық сақтау, мәдениет, білім беру және экология салаларында жүйелі қолдау көрсетеді, табиғи апаттар мен техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан зардап шеккендерге кезең-кезеңімен атаулы көмек береді, сондай-ақ өңірлердің дамуына және қоғамның өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларды іске асырады. Қордың «Аутизм. Баршаға ортақ әлем» атты флагмандық бағдарламасы аясында Қазақстанның 12 қаласында аутизм спектрінің бұзылыстары бар балаларға арналған 13 «Асыл Мирас» аутизм орталығы жұмыс істейді. Аталған орталықтар Алматы, Астана, Қызылорда, Өскемен, Ақтөбе, Орал, Шымкент, Петропавл, Павлодар, Тараз, Қарағанды және Семей қалаларында орналасқан. 2022 жылы «Ресурстық орталық» бөлімшесі құрылды, оның маңызды міндеттерінің бірі мамандардың кәсіби дағдыларын ұдайы мониторингтеу және оқыту арқылы Аутизм. Баршаға ортақ әлем барлық Аутизм орталықтары бойынша «Асыл Мирас» әдістемелік стандарттарын жоғары деңгейде қамтамасыз ету болып табылады.

Қордың «Haileybury Astana School» коммерциялық емес акционерлік қоғамындағы қатысу үлесі (61,99%) және «Haileybury Almaty» коммерциялық емес акционерлік қоғамындағы қатысу үлесі (32,64%) бар.

Бұл ұйымдардың негізгі қызметі Қазақстан Республикасының білім беру стандартының талаптарын ескере отырып, «Haileybury Enterprises Limited» британдық білім беру стандартының негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын «Haileybury Astana» мен «Haileybury Almaty» мектебінің базасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бойынша білім беру қызметі болып табылады. Аталған мектептер жөніндегі ақпарат 5 және 6-ескертпелерде келтірілген.

2025 жылы Қорда ұйымдық құрылымға өзгерістер енгізіліп, кадрлық өзгерістер орын алды. Бас директор, Бас директордың орынбасары – қаржы директоры және RDI директоры лауазымдары енгізілді.

Осы жекелеген қаржылық есептілікті Қордың Бас директоры, Бас директордың орынбасары - Қаржы директоры мен Бас бухгалтері 2026 жылғы 22 маусымда шығаруға бекітті.

Осы жекелеген қаржылық есептілік Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қосымша шығарылды.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

ХҚЕС-ке сәйкес мәлімдеме

Қордың жекелеген қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі - «ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (бұдан әрі - «ХҚЕС») бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес әзірленді.

2025 жылға арналған осы жекелеген қаржылық есептілік Қордың Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес шығарған ХҚЕС стандарттарына сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтарда өту күнінен бастап дайындалған Қордың жекелеген қаржылық есептілігінің алғашқы толық пакеті болып табылады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы**

Жекелеген қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен (бұдан әрі - «теңге») берілген және арнайы шарттасқан жағдайларды қоспағанда, барлық сомалар мың теңгеге дейін дөңгелектелген.

Еншілес ұйымға инвестициялар

Осы жекелеген қаржылық есептілікте Қордың өз еншілес ұйымына салған инвестициялары құнсыздануды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Қор әрбір есепті күнге еншілес ұйымға салынған инвестициялардың ықтимал құнсыздануының қандай да бір белгілерінің бар-жоғын бағалайды. Егер мұндай белгілер болса, Қор инвестицияның өтелетін сомасын бағалайды. Инвестицияның өтелетін құны оны өткізу шығыстарын және оны пайдалану құнын шегере отырып әділ құнның ең үлкені болып табылады және әрбір жеке инвестиция үшін айқындалады.

Инвестициялардың құны оның өтелетін құнынан асқан жағдайларда, инвестиция құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнға дейін есептен шығарылады. Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағындары салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, әрі ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және инвестицияға тән тәуекелдерді көрсетеді. Өткізу шығындарын шегере отырып әділ құнды анықтау кезінде бағалаудың түрлі әдістемелері қолданылады. Мұндай есептеулер, егер қолданылатын болса, бағалау коэффициенттерімен, еншілес және тәуелді ұйымдар акцияларының нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Құнсыздану залалы құнсыздану болған кезеңде шығыс ретінде танылады.

Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялау объектілеріне қатысу

Қордың үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялау объектілеріне қатысуы қауымдасқан ұйымға қатысуды қамтиды.

Қордың қаржылық және операциялық саясатына айтарлықтай әсер ететін ұйымдар қауымдасқан ұйымдар болып табылады. Бұл ретте Қор мұндай ұйымдардың қаржылық және операциялық саясатын бақылауды немесе бірлескен бақылауды жүзеге асырмайды. Егер Қор ұйымда дауыс беру құқығының 20-50 пайызына ие болса, онда айтарлықтай ықпалдың болуы болжанады.

Қауымдасқан ұйымдағы үлес үлестік қатысу әдісімен ескеріледі. Қордың жекелеген қаржылық есептілігінде инвестициялау объектісінің пайдасындағы немесе зиянындағы және өзге де жиынтық кірісіндегі өз үлесі көрсетіледі. Бұл үлес белгілі бір объектінің есеп саясатын елеулі ықпал пайда болған сәттен бастап Қордың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін талап етілетін түзетулерді ескере отырып есептеледі.

Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялау объектісінің залалдарындағы Қордың үлесі оның осы объектіге қатысу үлесінен асып кеткен кезде, Қор осы инвестициялау объектісінің залалдарын өтеу жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдаған не оның атынан төлемдер жасаған жағдайларды қоспағанда, осы қатысу үлесінің (кез келген ұзақ мерзімді инвестицияларды қоса алғанда) баланстық құны нөлге дейін төмендейді және Қордың одан әрі залалдары танылмайды.

Жекелеген қаржылық есептілікте Компания инвестицияларды санаттар бойынша ескереді. Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялар өзіндік құны бойынша ескеріледі, ал қауымдасқан ұйымдарға салынған инвестициялар 28 IAS стандартына сәйкес үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып ескеріледі. Компания инвестициялардың тиісті санаттарына қатысты таңдалған есепке алу әдістерін дәйекті түрде қолданады. Мұндай тәсіл аталған инвестициялар санаттарының әртүрлі сипатын көрсетеді және Компанияның пікірінше, жекелеген қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін өзекті әрі сенімді ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Жекелеген қаржылық есептілікте Компания инвестицияларды санаттар бойынша ескереді. Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялар өзіндік құны бойынша ескеріледі, ал қауымдасқан ұйымдарға салынған инвестициялар 28 IAS стандартына сәйкес үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып ескеріледі. Компания инвестициялардың тиісті санаттарына қатысты таңдалған есепке алу әдістерін дәйекті түрде қолданады. Мұндай тәсіл аталған инвестициялар санаттарының әртүрлі сипатын көрсетеді және Компанияның пікірінше, жекелеген қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін өзекті әрі сенімді ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етеді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шетел валютасын қайта есептеу**

Жекелеген қаржылық есептілік Қордың функционалдық валютасы болып табылатын теңгемен көрсетілген.

Операциялар мен қалдықтар

Қор шетел валютасындағы операцияларды бастапқыда өздерінің қызмет ететін валютасында операция тану көрсеткіштерін алғаш рет қанағаттандыратын күнге қолданылатын бағам бойынша көрсетеді.

Шетел валюталарында деноминацияланған монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнгі бағамдар бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар пайданың немесе зиянның құрамында танылады.

Шетел валютасында тарихи құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы операциялар күніне айырбастау бағамдарын пайдалана отырып қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құны айқындау күніне айырбастау бағамдарын пайдалана отырып қайта есептеледі. Әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын пайда немесе зиян баптың әділ құнының өзгеруінен пайданы немесе зиянды тану қағидаттарына сәйкес ескеріледі (яғни баптар бойынша валютаны есептеуден болған бағамдық айырмалар, басқа да жиынтық кіріс құрамында танылатын әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған пайда немесе зиян не болмаса басқа да жиынтық кіріс құрамында немесе тиісінше пайданың немесе зиянның құрамында танылады).

Алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активтің немесе монетарлық емес міндеттеменің мойындалуы тоқтаған кезде тиісті активтің, шығыстың немесе кірістің (немесе оның бір бөлігінің) бастапқы мойындалуы кезінде пайдаланылуы тиіс айырбастау бағамын айқындау мақсатындағы операцияның жасалу күні Қор алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активті немесе монетарлық емес міндеттемені алғаш рет мойындаған күні болып табылады. Алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну операциялары жасалған жағдайда Қор әрбір төлем немесе алдын ала төлемді алу үшін операция күнін айқындайды.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі жариялаған орташа өлшенген айырбас бағамдары Қорда айырбас бағамдары ретінде пайдаланылады.

ҚҚБ белгілеген АҚШ долларының айырбастау бағамдары былайша болды:

	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
АҚШ доллары	505,53	469,44

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ**Кірістерді тану***Қайырымдылықтан түскен кіріс*

Қайырымдылықтан түскен кіріс қайырымдылық жарналарымен білдірілген. Қорға жарналар ерікті сипатта болады. Жарналар жобалар бөлігінде олардың нысаналы мақсаты бойынша, алынған жарналардың жалпы сомасынан нақты пайдаланылған мөлшерде, қаражаттың нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылған жылы кіріс ретінде танылады. Алынған жарналар немесе алдыңғы кезеңнен ауысқан пайдаланылмаған жарналардың қалдықтары есепті күннен кейін мақсатты арналуына сәйкес пайдаланылған жағдайда, олар толық көлемде немесе нақты игерілген бөлігі шегінде міндеттеме ретінде танылады.

Шығыстарды тану

Шығыстар тиісті тауарларды немесе қызметтерді нақты алу сәтіне, ақша қаражаты немесе олардың баламалары қашан төленгеніне қарамастан ескеріледі, ал қайырымдылық жобалары аяқталғанға дейін оларды іске асыруға жұмсалған нақты шығыстарға қатысты және қаржылық есептілікте олар жататын кезеңде көрсетіледі.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**Қаржылық кірістер мен шығыстар**

Қордың қаржылық кірісіне банктік депозиттер бойынша кіріс, қаржы құралдарымен жасалған операциялардан түскен кіріс, сондай-ақ шетел валютасын айырбастаудан түсетін кірістер кіреді.

Пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы танылады. Шетел валюталарының айырбас бағамдарының өзгеруінен пайда мен зиян нетто-шамада осы нетто-шаманың оң немесе теріс болуына байланысты қаржылық кіріс немесе қаржылық шығыс ретінде көрсетіледі.

Жұмыскерлерге сыйақылар*Қысқа мерзімді сыйақылар*

Жұмыскерлерге қысқа мерзімді сыйақыларға қатысты міндеттеменің шамасын айқындау кезінде дисконттау қолданылмайды және тиісті шығыстар жұмыскерлердің қызметтер көрсетуіне қарай танылады. Ақшалай сыйлықақыларды төлеудің немесе пайдаға қатысудың қысқа мерзімді жоспары шеңберінде төлеуге күтілетін сомаларға қатысты, егер Қорда бұрын жұмыскерлердің қызметтер көрсетуі нәтижесінде туындаған тиісті соманы төлеу бойынша қолданыстағы заңды не қалыптасқан практикамен шартталған міндеттеме болса және осы міндеттеменің шамасын сенімді бағалауға болатын міндеттеме танылады.

Қорлар

Қорлар қос көлемнің ең азы бойынша бағаланады: өзіндік құны бойынша немесе сатудың таза бағасы бойынша. Қорлардың өзіндік құны орташа алынған қағидат негізінде айқындалады және оған қорларды сатып алу шығындары және қорларды олардың қазіргі орналасқан жеріне дейін жеткізу және оларды тиісті қалыпқа келтіру шығындары жатады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған тозуды және олар болған жағдайда құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Сатып алынған құралдардың құны сатып алу немесе салу бағасынан, сондай-ақ активті жұмыс калпына келтіруге қатысты кез келген шығындардан және қажет болғанда активті жою бойынша шығындардың бастапқы бағалауынан тұрады. Сатып алу немесе салу бағасы жалпы төленген құн және/немесе активті сатып алу үшін берілген кез келген сыйақы түрінің әділ құны болып табылады.

Кейінгі шығындар бұл активтің баланстық құнына кіреді не болмаса Қордың бұл активті пайдаланудан экономикалық пайданы алу ықтималдығы бар және оның құны сенімді түрде бағалануы мүмкін деген талаппен ғана жеке актив ретінде көрсетіледі. Ауыстырылған бөліктің баланстық құны есептен шығарылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығыстар пайда болу шамасына қарай есепті кезеңде пайда және зиянға жатқызылады.

Түскен өтемақы мен олардың баланстық құны айырмасының сомасындағы негізгі құралдардың шегерілуінен болған пайда немесе зиян бір жылғы пайдада және зиянда басқа да операциялық кірістердің немесе шығыстардың құрамында көрсетіледі.

Аяқталмаған құрылыс бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Құрылыс аяқталғаннан кейін активтер баланстық құны бойынша негізгі құралдардың құрамына аударылады. Аяқталмаған құрылысқа тозу актив пайдалануға дайын болмайынша есептелмейді.

Негізгі құрал объектісін және негізгі құралдар объектісінің бастапқыда танылған кез келген едәуір құрамдасын мойындау олар есептен шығарылғаннан кейін не болмаса егер оларды пайдаланудан немесе шығудан келешек экономикалық пайданы алу күтілмесе тоқтатылады. Активті тану тоқтатылғанла туындайтын пайда немесе зиян (есептен шығарудан түскен түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептеледі) активті тану кезінде пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы есепке енгізіледі.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Негізгі құралдар (жалғасы)***Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі*

Активтердің пайдалы қызмет ету мерзімдеріне дейін оларды есептен шығару үшін тозу, жерден және аяқталмаған құрылыстан басқа, негізгі құралдардың баланстық құнына есептеледі. Тозу келесі бекітілген жылдық мөлшерлемелер бойынша желілік әдіспен есептеледі:

Ғимараттар мен құрылысжайлар	5-40 жыл
Машиналар мен құрал-жабдықтар	20 жыл
Көлік құралдары	10 жыл
Басқасы	4-10 жыл

Күтілетін пайдалы қызмет ету мерзімі және негізгі құралдардың қалдық құны әрбір есепті күнгі жағдай бойынша талданады және қажет болғанда түзетіледі.

Негізгі құралдардың баланстық құны қандай да бір оқиғалар немесе баланстық құнның өтелмейтіндігіне көрсететін жағдайларда өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қаралады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Қор активтердің құнсыздануының қандай да бір белгілерінің болуына бағалау жүргізеді. Егер мұндай белгілер болса немесе құнсыздану мәніне активке жылдық тестілеу қажет болса, Қор активтің өтелетін құнын бағалайды.

Активтің немесе акша ағындарын жасайтын бірліктің өтелетін құны - бұл келесі екі көлемнің ең үлкені болып табылады: есептен шығару шығындарын шегере отырып активтің (акша ағындарын жасайтын бірліктің) әділ құны немесе активті (акша ағындарын жасайтын бірлікті) пайдалану құндылығы. Өтелетін құн, егер актив басқа активтерден немесе активтер топтарынан акша қаражатының түсуіне едәуір дәрежеде тәуелсіз акша қаражатының ағынын тудырмаса, жеке актив бойынша айқындалады.

Активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асатын жағдайларда актив құнсызданған болып есептеледі және оның өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Активті пайдалану құндылығын бағалау кезінде болашақта есепті акша ағындары активке тән акша мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып ағымдағы құнға дисконтталады. Есептен шығару шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Құнсыздану шығындары пайда және зиянда құнсызданған актив функциясына сәйкес келетін шығыстар санаттарында танылады.

Қор әрбір есепті күнге активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер ондай белгі бар болып шықса, Қор активтің немесе акша қаражатын жасайтын бірліктің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін соманы айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияшы шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте Қор активтер мен міндеттемелерді олардың айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда, егер:

- Оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- Оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың шегінде өткізу болжанса; немесе
- Есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде қолданылатын міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе ақша қаражатының баламаларын білдіреді. Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме мына жағдайларда қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- Оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде реттеу болжанса;
- Ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде реттелуі тиіс болса; немесе
- Қордың есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелердің реттелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Қор барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінгі қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер айналымнан тыс активтер мен ұзақ мерзімді міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржы құралдары – бастапқы тану және кейіннен бағалау

Бір ұйымда қаржы активінің және екінші ұйымда қаржылық міндеттеменің немесе үлестік құралдың пайда болуына әкеліп соқтыратын кез келген шарт қаржы құралы болып табылады.

Қаржы активтері

*Бастапқы **мойындау** және бағалау*

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі шартта көзделген қаржы активі мен Қор бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Қор іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Қор қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды.

Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Қор іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда және басқа да дебиторлық берешек мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. «Ақша ағындары» критерийіне жауап бермейтін қаржы активтері, ақша ағындары бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланады деп жіктеледі.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

*Бастапқы **тану** және бағалау (жалғасы)*

Қор қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель акша ағындарын әкелу мақсатында Қор өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды.

Бизнес-модель акша ағындарының шартта көзделген акша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланады деп жіктелетін қаржы активтері бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсаты шартта көзделген акша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстау болып табылады, ал басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады деп жіктелетін қаржы активтері мақсатына шартта көзделген акша ағындарын алу арқылы, сол сияқты қаржы активтерін сату арқылы қол жеткізілетін бизнес-модель шеңберінде ұсталады.

Заңнамада немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерде белгіленген мерзімде активті жеткізуді талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптардағы» сауда) мәмілені жасау күніне, яғни Қор өз мойнына активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күнге мойындалады.

Кейіннен бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері екі санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Қор қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- Қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген акша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын акша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында танылады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Қор сауда дебиторлық берешекті және берілген қаржылай көмекті жатқызады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

Қаржы құралдары бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Кейіннен бағалау (жалғасы)

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына саудаға арналған қаржы активтері, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп бастапқыда танылған кезде Қордың қарауына қарай жіктелген қаржы активтері немесе міндетті түрде әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жатады. Жақын арада сату мақсатымен сатып алынған болса, қаржы активтері саудалауға арналған деп жіктеледі. Бөлек ендірілген туынды құралдарды қоса алғанда, туынды құралдар, олар Қордың қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Амортизацияланған құны бойынша немесе жоғарыда сипатталғандай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарды жіктеуге арналған критерийлерге қарамастан бастапқыда танылған кезде Қор борыштық құралдарды өз қарауына қарай, егер мұндай жіктеу амалы есептегі сәйкессіздікті жоятын болса немесе айтарлықтай азайтатын болса, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі пайда немесе зиян туралы жекелеген есепте және басқа да жиынтық кірісте танылады.

Тануды тоқтату

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) мойындалуын тоқтатады (яғни, Қордың қаржылық жағдай туралы есебінен алынып тасталады), егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Қор активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз толеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Қор активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе; не болмаса (б) Қор активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Қор өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Қор активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Қор берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын жалғастырады. Мұндай жағдайда Қор тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Қор сақтаған құқық пен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Қор талап етуі мүмкін өтемақының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)*****Қаржы активтері (жалғасы)******Қаржы активтерінің құнсыздануы***

Қор пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін кредиттік зияндарды (ККЗ) бағалау резервін мойындайды. ККЗ шартқа сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Қор бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредит сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

ККЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін кредиттік зияндар) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік зияндарға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік зияндар) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін кредиттік зияндарға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Қор ККЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Қор кредиттік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік зияндарға тең сомалар залалдарға бағалау резервін мойындайды.

Қор қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген кредиттік зиянның пайда болуының тарихи тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 30 күнге өтіп кетсе, Қор қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Қор, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Қор ұстап қалатын кредиттік сапаны арттыру тетіктерін ескерместен, Қордың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Қордың шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Қаржылық міндеттемелер***Бастапқы тану және бағалау***

Қаржылық міндеттемелер бастапқы мойындау кезінде тиісінше пайда немесе зиян; кредиттер мен қарыздар, сауда және басқа да кредиторлық берешек немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде Қордың қарауына қарай жіктелген туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (кредиттер, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда) әділ құны бойынша танылады. Қордың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, сондай-ақ алынған қарыздар кіреді.

Кейіннен бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржылық міндеттемелер келесі екі санатқа жіктеледі:

- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы құралдары бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Кейінгі бағалау (жалғасы)

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер

«Пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына Қордың қарауына қарай жіктелген саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржылық міндеттемелер санатында бастапқы тануға жатқызылған қаржылық міндеттемелер жатады. Егер олар таяу арада кері сатып алу мақсатында сатып алынған болса, қаржылық міндеттемелер саудалауға арналған деп жіктеледі. Осы санатқа сондай-ақ Қор шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 9 ХҚЕС (IFRS) айқындалғандай хеджирлеу қатынастарының шеңберінде хеджирлеу құралдары ретінде Қордың қарауына қарай айқындалмаған туынды қаржы құралдары жатады. Бөлінген ендірілген туынды құралдар олар Қордың қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде жіктелген жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша пайда немесе зиян жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте танылады.

Бастапқы тану кезінде Қордың қарауына қарай пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелген қаржылық міндеттемелер бастапқы тану күніне осы санатқа және тек 9 ХҚЕС-тің (IFRS) критерийлерін сақтай отырып жатқызылады. Қордың пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын оның қарауы бойынша жіктелген қаржылық міндеттемелері жоқ.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер

Бұл санат Қор үшін барынша маңызды болып табылады. Бастапқыда мойындалғаннан кейін қаржылық міндеттемелердің бұл санаты кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша пайда мен зиян оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып амортизация есептелуіне қарай танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемелердің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме өтелімі жиынтық кіріс туралы есепте қаржылық шығыстар құрамына қосылды. Бұл санатқа, ең алдымен, сауда және басқа да кредиторлық берешек пен алынған қарыздар жатады.

Тануды тоқтату

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндағы айырмасы жиынтық шығын туралы есепте мойындалады.

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға және есеп айырысуды нетто-негізде жасағысы келгенде, активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңмен қорғалған құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы есепте ұсынылуы тиіс.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Ақша қаражаты және қысқа мерзімді депозиттер**

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есептегі ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерге банктер мен кассадағы ақша қаражаты және өтеу мерзімі 12 ай немесе одан аз болатын, белгілі бір ақша қаражатының сомаларына оңай айырбасталатын және құнның өзгеруіне елеусіз тәуекелге ұшырайтын қысқа мерзімді өтімділігі жоғары депозиттер жатады.

Келешек кезеңдердің шығыстары

Болашақ кезеңдердің шығыстары төленген ақша қаражатының құны бойынша танылады. Кейіннен шығыстар өздері жататын есепті кезеңдердің ішінде тұрақты және тепе-тең есептен шығару әдісінің негізінде жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте танылады.

Мойындаудың және есепке алудың мұндай тәсілі кірістер мен шығыстардың сәйкестігі қағидатына негізделеді, ол белгілі бір мәмілелердің немесе оқиғалардың жанама және бірлескен нәтижесі болып табылатын кірістер мен шығыстар сайма-сай танылуы тиіс.

Резервтер

Жекелеген қаржылық есептіліктегі резервтер Қордың өткен шақта болған оқиғалардың нәтижесінде ағымдағы (құқықтық немесе іс-тәжірибеден туындаған) міндеттемесі болғанда, сондай-ақ міндеттемелерді өтеу үшін экономикалық пайдаларға байланысты қаражат ағыны болатын ықтималдық болғанда және осы міндеттеменің тиісті дұрыс бағасы жүргізілгенде мойындалады. Егер Қор резерв өтеледі деп күтсе, өтеу даусыз болып табылғанда ғана жеке актив ретінде көрсетіледі.

Егер ақша қаражатының уақытша құнының әсері елеулі болып табылса, резервтер ақша қаражатының уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін және онда міндеттемеге тән тәуекелдер орынды салықтарды төлегенге дейін мөлшерлеме бойынша ақша қаражатының күтілетін болашақ қозғалысын дисконттау арқылы есептеледі. Дисконттауды пайдалану кезінде резервтің ұлғаюы уақыттың өтуі салдарынан қаржылық шығындар ретінде танылады.

Жалдау

Шарттың жасалу сәтіне Қор жалдау келісімі жалдау болып табылатындығын не болмаса белгілерін қамтитындығын бағалайды. Басқаша айтқанда, Қор шарт сәйкестендірілген активті белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде өтемақының орнына пайдаланылуын бақылау құқығын беретіндігін айқындайды.

Қор жалға алушы ретінде

Қор, қысқа мерзімді жалдауды және төмен құны бар активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Қор жалдау төлемдерінің жасалуына қатысты жалдау міндеттемелерін және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды, олар базалық активтерді пайдалану құқығын білдіреді.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Қор жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер келесі кезеңдердің барынша қысқасы бойына желілік әдіспен амортизацияланады: жалдау мерзімі немесе активтердің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі.

Егер жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығы Қорға өтетін болса немесе егер активтің бастапқы құны оны сатып алуға арналған опционның орындалуын көрсетсе, актив оның пайдалы қызмет ету мерзімінің бойына амортизацияланады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер де құнсыздану мәніне тексеріледі.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Жалдау (жалғасы)***Қор жалға алушы ретінде (жалғасы)**Жалдау бойынша міндеттемелер*

Жалдаудың басталу күніне Қор жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер (оның ішінде іс мәні бойынша белгіленген төлемдер) жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Қордың бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Қордың жалдауды тоқтату опционын әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар ретінде (олар қорларды өндіру үшін болған жағдайлардан басқа) танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Қор жалдаудың басталу күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, өйткені жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлеме оңай айқындала алмайды. Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Сонымен қатар, Қор түрлендірілген, жалдау мерзімі өзгерген, жалдау төлемдері өзгерген (мысалға, мұндай төлемдерді айқындау үшін пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруімен негізделген келешек төлемдердің өзгеруі) немесе базалық активті сатып алуға арналған опционды бағалау өзгерген жағдайда жалдау міндеттемелерінің баланстық құнын қайта бағалайды.

Қысқа мерзімді жалдау немесе төмен құны бар активтерді жалдау

Қор техника мен құрал-жабдықты қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды өзінің қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдаудың басталу күніне жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын мерзімді құрайтын және сатып алу опционын қамтымайтын шарттарға) қолданады. Сондай-ақ Қор төмен құны бар офистік жабдықты жалдауға қатысты мойындаудан босатуды құны төмен деп есептелетін активтерді жалдау шарттарына қолданады. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің бойына желілік әдіспен шығыстар ретінде танылады.

Әділ құны бойынша бағалау

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасындағы әдеттегі мәміленің барысында міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру мақсатындағы мәміле:

- Бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- Негізгі нарық болмай қалғанда, бұл активке немесе міндеттемеге қатысты барынша тиімді болатын нарықта жүзеге асырылады.

Қор негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең үздік экономикалық мүдделерінде әрекет етеді деп болжануда.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының экономикалық пайда әкелу не болмаса активті ең үздік және барынша тиімді тәсілмен пайдалану арқылы не болмаса оны бұл активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын нарыққа басқа қатысушыға сату арқылы пайда әкелу қабілетін назарға алады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Әділ құны бойынша бағалау (жалғасы)**

Қор мұндай бағалау үлгілерін пайдаланады, әрі олар мұндай жағдайларда орынды болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте релевантты қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше азайтуға мүмкіндік береді.

Әділ құны бойынша қаржылық есептілікте бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құнның төменде сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей - бірдей активтерге немесе міндеттемелерге арналған белсенді нарықтардағы баға белгілеулері (түзетілмеген);
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей - иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржылық есептілікте қайталанатын негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер болған жағдайда, Қор оларды әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайталап талдай отырып (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін едәуір болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару қажеттілігін айқындайды.

Әрбір есепті күнге Қор өзінің есеп саясатына сәйкес талдау және қайта бағалау қажет болатын активтер мен міндеттемелердің құнындағы өзгерістерді талдайды. Мұндай талдаудың шеңберінде Қор бағалау кезінде пайдаланылған ақпаратты шарттармен және басқа да орынды құжаттармен салыстыру арқылы соңғы бағалау кезінде қолданылған негізгі бастапқы деректерді тексереді.

Қор әрбір актив пен міндеттеменің әділ құнының өзгеруін өзгерістің негізділігін анықтау мақсатында тиісті сыртқы дерек көздерімен салыстырады.

Салықтар*Табыс салығы*

Табыс салығы бойынша шығысқа ағымдағы табыс салығы кіреді. Ағымдағы салық кезеңдегі пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі.

Ағымдағы табыс салығы салық мөлшерлемелерінің есепті күнгі жағдай бойынша қолданыста болған немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген негізде есептелген жылғы салық салынатын пайдаға немесе салық залалына қатысты төленуге немесе алынуға жататын салық сомасын, сондай-ақ өткен жылдардағы табыс салығын төлеу жөніндегі міндеттеменің шамасына жасалған барлық түзетулерді білдіреді.

Мерзімі ұзартылған салық

Мерзімі ұзартылған салық есепті күнге активтердің салық базасы мен міндеттемелер және олардың қаржылық есептілігі үшін баланстық құны арасындағы уақыт айырмасын анықтау арқылы міндеттемелер әдісімен айқындалады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер келесі жағдайларды қоспағанда, барлық салық салынатын уақытша айырмалар бойынша мойындалады:

- Мерзімі ұзартылған салық міндеттемесі операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе зиянға ықпал етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Салықтар (жалғасы)***Мерзімі ұзартылған салық (жалғасы)*

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық салынатын пайда бар дәрежеде танылады, оған қарсы шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары мына жағдайларды қоспағанда есептелуі мүмкін:

- Есептен шығарылатын уақыт айырмасына қатысты мерзімі ұзартылған салық активі операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе зиянға ықпал етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды.

Мерзімі ұзартылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, мерзімі ұзартылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер есепті жылы қолданысқа енгізілген немесе нақты қолданысқа енгізілген есепті күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде міндеттемелер өтеліп, актив өткізілгенде есепті жылда қолданады деп болжанып отырған салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Қор мерзімі ұзартылған салық активтерін және мерзімі ұзартылған салық міндеттемелерін, егер оның ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуға арналған заңмен қорғалған құқығы болған және мерзімі ұзартылған салық активтері мен мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері бір салық органы белгілі бір ұйымнан өндіріп алатын пайда салығына жатқан жағдайда, соның операцияларына салық салынса не болмаса түрлі ұйымдардан, операцияларына салық салынса, әрі олар ағымдағы салық міндеттемелері мен активтері бойынша нетто-негізде есеп айырысуларды жасағысы келсе не болмаса жүзеге асырса, не болмаса бұл активтерді өткізгісі және бұл міндеттемелерді мерзімі ұзартылған міндеттемелердің немесе активтердің едәуір сомасының өтелуі немесе орны толтырылуы күтілетін әрбір келешек кезеңдерде бір мезгілде өтелген жағдайда, өзара есепке алады.

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Қабылданған есеп саясаты, төменде келтірілген 2025 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген стандарттардың жаңа редакцияларының қабылдануын қоспағанда, алдыңғы есепті жылда қолданылған есеп саясатына сәйкес келеді. Қор 2025 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін қолданыстағы стандарттарға бірқатар жаңа стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды. Қор шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

«Валюта айырбастау мүмкіндігінің болмауы» 21 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енген «Валюталарды айырбастау мүмкіндігінің болмауы» 21 ХҚЕС-ке (IAS) «Валюта бағамдары өзгерістерінің әсері» түзетулерінде ұйымның бір валютаны басқа валютаға айырбастау мүмкін бе, жоқ па, сондай-ақ айырбастау мүмкіндігінің болмауы әсер ететіндігі немесе ұйымның қаржылық нәтижелеріне, қаржылық жағдайы мен ақша ағындарына қалай әсер ететіндігі түсіндіріледі.

Түзетулер Қордың жекелеген қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбеді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Қордың қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Қор осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр. Бұл түзетулер Қордың жекелеген қаржылық есептілігіне едәуір әсерін тигізбейді деп күтілуде.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)***18 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу»*

2024 жылғы сәуірде ХҚЕС жөніндегі кеңес 18 ХҚЕС-ті (IFRS) шығарды, ол «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-тің (IAS) орнына келеді. 18 ХҚЕС (IFRS) белгілі бір жиынтық сомалар мен аралық жиынтық сомаларды ұсынуды қоса алғанда, пайда немесе зиян туралы есепте ақпаратты ұсынуға қатысты жаңа талаптарды енгізеді. Сонымен қатар, пайда немесе зиян туралы есепте ұйымдар барлық кірістер мен шығыстарды бес санатқа бөле отырып ұсынуы керек (алғашқы үшеуі жаңа): операциялық, инвестициялық және қаржылық, табыс салығы және тоқтатылған қызмет.

Стандартта басшылық айқындайтын қызмет нәтижелерінің көрсеткіштері, кірістер мен шығыстардың аралық жиынтық сомалары туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптар, сондай-ақ негізгі қаржылық есептер мен ескертпелердің функциясына байланысты қаржылық ақпаратты жинақтауға және бөлшектеуге қойылатын жаңа талаптар қамтылады.

Жаңа стандартты шығару нәтижесінде «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» 7 ХҚЕС (IAS) қолдану аясына түзетулер енгізілді, оған сәйкес жанама әдісті қолдану кезінде операциялық қызметтен түсетін ақша ағындарын анықтау үшін «пайда немесе зиян» орнына «операциялық пайда немесе зиян» пайдаланылады. Сонымен қатар, түзетулер дивидендтер мен пайыздарды төлеуге байланысты туындайтын ақша ағындарының жіктелуін таңдау мүмкіндігін жоққа шығарады. Кейбір басқа стандарттарға ілесіп түзетулер де енгізілді.

18 ХҚЕС (IFRS) және басқа стандарттарға тиісті түзетулер 2027 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілу талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. 18 ХҚЕС (IFRS) ретроспективті түрде қолданылады.

Қазіргі уақытта Қор жаңа стандарт пен түзетулердің негізгі жекелеген қаржылық есептер мен жекелеген қаржылық есептілік ескертпелеріне қандай әсер ететінін анықтау үшін жұмыс істеуде. Алдын ала бағалау бойынша стандартты қабылдау нәтижесінде Қордың жекелеген қаржылық есептілігіне мынадай елеулі өзгерістер енгізу қажет деп болжанады:

- Бағамдық айырмалар бағамдық айырманың туындауына әкеп соғатын кірістер мен шығыстардың тиісті баптары көрсетілетін санатқа жатқызылатын болады;
- Жаңа ақпаратты ашып көрсету қосылады: (а) басшылық айқындайтын қызмет нәтижелерінің көрсеткіштерін; (б) егер пайда немесе зиян туралы есепте шығыстар операциялық санатта олардың мақсаты бойынша ұсынылса, олардың сипаты бойынша жіктелуі бар шығыстардың белгілі бір түрлерін және (в) 18 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес ұсынылған қайта есептелген сомалар мен 1 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес бұрын ұсынылған сомалар арасындағы пайда немесе зиян туралы есептің әрбір жолы бойынша салыстырып тексеруді;
- Алынған және төленген пайыздар ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есепте сәйкесінше инвестициялық және қаржылық қызметке қатысты болады.

19 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер «Жария есептілігі жоқ еншілес ұйымдар: ақпаратты ашу»

2024 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі кеңес 19 ХҚЕС-ті (IFRS) шығарды, ол белгілі бір критерийлерге жауап беретін ұйымдарға ақпаратты ашуға жеңілдетілген талаптарды қолдануға мүмкіндік береді, сонымен бірге ХҚЕС-тің басқа бухгалтерлік есеп стандарттарын тануға, бағалауға және ұсынуға қойылатын талаптарды толық қолданады. Егер ұйым есепті кезеңнің соңында 10 ХҚЕС (IFRS) анықтамасына сай еншілес ұйым болып табылса, жария есеп беретін ұйым болып табылмаса және оның жалпы пайдалануға қолжетімді ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындайтын бас ұйымы (түпкілікті немесе аралық) болса, осы стандартты қолдана алады.

19 ХҚЕС (IFRS) 2027 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Қор 19 ХҚЕС (IFRS) стандартын қолдану критерийлеріне сәйкес келмейді, осыған байланысты аталған стандарт қолданылмайды.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)**

9 ХҚЕС-ке және 7 ХҚЕС-ке түзетулер - «Қаржы құралдарын жіктеу мен бағалаудағы өзгерістер»

2024 жылғы мамырда Кеңес 9 ХҚЕС-ке (IFRS) және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер шығарды - «Қаржы құралдарының жіктелуіндегі және бағалануындағы өзгерістер» («Түзетулер»). Түзетулер:

- Қаржылық міндеттемені тану «есеп айырысу күніне» токтатылатынын түсіндіреді және есеп айырысу күніне дейін реттелуі электрондық төлем жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылатын қаржылық міндеттемелерді тануды токтату үшін есеп саясатын (белгілі бір шарттар сақталған жағдайда) таңдау мүмкіндігін енгізеді;
- Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік сипаттамалары (ESG) және ұқсас ерекшеліктері бар қаржы активтері бойынша шартта көзделген ақша ағындарын қалай бағалау керектігі туралы қосымша нұсқаулар бар;
- «Регресс құқығынсыз» қаржы активтері нені білдіретінін, сондай-ақ шартпен байланысты құралдардың сипаттамаларын нақтылайды;
- Шартты сипаттамалары бар қаржы құралдары үшін ақпаратты ашуға қойылатын талаптар және басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады деп жіктелген үлестік құралдар үшін қосымша ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды енгізеді.

Түзетулер 2026 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі, бірақ тек қаржы активтерін жіктеуге және тиісті ақпаратты ашуға қатысты ережелерді ғана.

Бұл түзетулер Қордың жекелеген қаржылық есептілігіне едәуір әсерін тигізбейді деп күтілуде.

«ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайын жетілдіру, 11-шығарылым»

2024 жылғы шілдеде ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарын жоспарлы жаңарту аясында ХҚЕС жөніндегі кеңес тар қолдану аясымен тоғыз түзету шығарды. Осы түзетулер келесі стандарттардың дәйектілік деңгейін арттыруға бағытталған нақтылауларды, оңайлатуларды, түзетулерді және өзгерістерді қамтиды:

1 ХҚЕС (IFRS) «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану», 7 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» және 7 ХҚЕС (IFRS) ендіру жөніндегі тиісті Нұсқаулық, 9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары», 10 ХҚЕС (IFRS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» және 7 ХҚЕС (IAS) «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп».

Түзетулер 2026 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілу талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Бұл түзетулер Қордың жекелеген қаржылық есептілігіне едәуір әсерін тигізбейді деп күтілуде.

Гиперинфляциялық болып табылатын ұсыну валютасына қайта есептеуге қатысты «Валюта айырбастау бағамдары өзгерістерінің әсері» 21 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер (2025 жылғы 13 қарашада шығарылды)

Бұл түзетулер Қордың жекелеген қаржылық есептілігіне едәуір әсерін тигізбейді деп күтілуде.

19 ХҚЕС (IFRS)-ке түзетулер «Жария есеп берусіз ениілес компаниялар: ақпаратты ашу» (2025 жылғы мамырда шығарылды);

Бұл түзетулер Қордың жекелеген қаржылық есептілігіне едәуір әсерін тигізбейді деп күтілуде.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР**

Қордың жекелеген қаржылық есептілігін әзірлеу оның басшылығынан есепті кезеңнің соңына пікір білдіруін, жекелеген есептілікте көрсетілетін түсім сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Дегенмен осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік соған қатысты осы сияқты жорамалдар мен бағалаулар қабылданған активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына келешекте елеулі түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау резерві

Қор дебиторлық берешек пен қаржы активтері бойынша ККЗ есептеу үшін бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланады. Бағалау резервтерінің мөлшерлемелері шығындардың пайда болуының ұқсас сипаттамаларымен (яғни, географиялық өңір, өнімнің типі, сатып алушылардың типі мен рейтингісі, аккредитивтер арқылы қамтамасыз ету және кредиттік тәуекелдерді сақтандырудың басқа нысандары бойынша) түрлі клиенттік сегменттердің топтары үшін төлем мерзімін өткізіп алу күндеріне қарай белгіленеді.

Бастапқыда бағалау резервтері матрицасының негізінде бұрынғы кезеңдердегі дефолттардың пайда болуының байқалатын деректері жатыр. Қор болжамды ақпаратты ескере отырып кредиттік зиянның пайда болуының бұрынғы тәжірибесін түзетіп алу үшін матрицаны жаңартады. Әрбір есепті күнге алдыңғы кезеңдердегі дефолт деңгейі туралы байқалатын деректер жаңартылып отырады және болжамды бағалаудың өзгеруі сараланады.

Экономикалық талаптармен болжанатын дефолттың тарихи қадағаланатын деңгейлері мен және ККЗ арасындағы өзара байланысты бағалау едәуір есепті бағалау болып табылады. ККЗ көлемі жағдайлардағы және болжамды экономикалық талаптардағы өзгерістерге сезімтал келеді. Қор есептеулерінде кредиттік зиянының пайда болуының бұрынғы тәжірибесі мен экономикалық талаптардың болжамы сатып алушының келешектегі іс жүзіндегі дефолты үшін көрсеткі болып табылмауы мүмкін.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді тиімді пайдалану мерзімі

Қор негізгі құралдар объектілерінің қалған пайдалы қызмет ету мерзімін, кем дегенде әрбір қаржы жылының соңына бағалайды. Егер күтілген жағдайлар бұрынғы бағалаулардан ерекшеленетін болса, өзгерістер 8 ХҚЕС (IAS) «Есеп саясаты, есепті бағалаудағы өзгерістер және қателер» сәйкес есепті бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі. Бұл бағалаулар негізгі құралдардың баланстық құнына және пайда мен зиян құрамында танылған амортизация сомасына ықпал етуі мүмкін.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы

Қор жағдайдағы оқиғалар немесе өзгерістер активтің баланстық құнын өтеу мүмкін еместігін көрсеткен кезде құнсыздану үшін ақша қаражатын генерациялайтын активтерді немесе активтер тобын («генерациялайтын бірлік») бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты бағалануы жүргізіледі. Мұндай есептеулер дисконт мөлшерлемесі, капиталдағы келешек мұқтаждық, тәуекелдер мен айқындықсыздыққа ұшырағыш келетін операциялық шығындар сияқты бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды қажет етеді. Активтің немесе генерациялайтын бірліктің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кеткенде, онда актив немесе генерациялайтын бірлік құнсызданған ретінде есептеледі және өтелетін сомаға дейін есептен шығарылады.

Өтелетін құнды бағалау кезінде күтілетін ақша ағындары активтер/генерациялайтын бірлік тобына тән тәуекелдерге түзетіледі және бұл активке тән ақша мен тәуекелдің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып, ағымдағы құнға дисконтталады. Сату шығыстарын шегере отырып әділ құн нарыққа қатысушылардың арасында жасалатын әдеттегі мәміле шеңберінде активті сату кезінде алынатын құн ретінде айқындалады және Қор үшін айрықша болуы мүмкін факторлардың ықпалын көрсетпейді және бүтіндей Қорға таралмайды.

Қор басшылығы құнсыздану индикаторларының болуын саралады және есепті күнге ықтимал құнсыздану белгілері жоқ деп есептейді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсанына еншілес ұйымдарға инвестициялар былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	Негізгі қызмет	Тіркелген елі	2025 жылғы 31 желтоқсан		2024 жылғы 31 желтоқсан	
			Иелік ету үлесі	Баланстық құн	Иелік ету үлесі	Баланстық құн
	Білім беру қызметтерін көрсету					
«Haileybury Astana» КЕАҚ		Қазақстан	61,99%	1.865.315	61,99%	1.865.315
Жиыны				1.865.315		1.865.315

«Haileybury Astana» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасында тіркелген және қызметін жүзеге асыратын, білім беру қызметімен айналысатын кәсіпорын болып табылады.

Қор Haileybury Astana School ұйымындағы бастапқы 5,38% қатысу үлесін 2014 жылғы 15 сәуірдегі мүлікті өтеусіз беру туралы шарт негізінде алды.

2016 жылғы 19 мамырда Қор 14.395 мың теңге мөлшеріндегі сыйақыға акцияларды сатып алу-сату шарты негізінде қосымша 56,61% қатысу үлесін сатып алды, соның нәтижесінде қатысу үлесі бақылаушы деңгейге дейін ұлғайып, ұйым еншілес ұйым мәртебесіне ие болды. Бақылауды алу күніне еншілес ұйымға салынған инвестицияның әділ құны 1.865.315 мың теңге мөлшерінде айқындалды. Еншілес ұйымды сатып алудан түскен кіріс инвестицияның әділ құнының берілген сыйақы сомасы мен бұрын танылған қатысу үлесінің жиынтық құнынан асып түсуі нәтижесінде танылды.

6. ҚАУЫМДАСҚАН ҰЙЫМҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Осы жекелеген қаржылық есептілікке мынадай қауымдасқан ұйым енгізілді:

Мың теңгемен	Негізгі қызмет	Тіркелген елі	2025 жылғы 31 желтоқсан		2024 жылғы 31 желтоқсан	
			Иелік ету үлесі	Баланстық құн	Иелік ету үлесі	Баланстық құн
	Білім беру қызметтерін көрсету					
«Haileybury Almaty» КЕАҚ		Қазақстан	32,64%	5.249.584	32,64%	4.938.279
Жиыны				5.249.584		4.938.279

«Haileybury Almaty» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасында тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын қауымдасқан ұйым болып табылады. Ұйымның негізгі қызметі білім беру қызметтерін көрсету болып табылады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың жарғылық капиталға қатысу үлесі 32,64% (2024: 32,64%) болды.

Инвестиция үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады, соның шеңберінде инвестицияның баланстық құны Қордың қауымдасқан ұйымның пайдасындағы немесе зиянындағы, сондай-ақ өзге жиынтық кірісіндегі үлесіне сәйкес ұлғайтылады.

2025 жыл ішінде инвестицияның баланстық құны Қордың қауымдасқан ұйымның пайдасындағы үлесін тану нәтижесінде 311.305 мың теңгеге ұлғайды (2024 жыл: 777.128 мың теңге).

Төмендегі кестеле Қордың «Haileybury Almaty» КЕАҚ инвестициялары жөнінде жинақталған қаржылық ақпарат берілген.

Мың теңгемен	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Айналымнан тыс активтер	6.337.892	4.727.278
Айналымдағы активтер	14.689.794	14.740.386
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(4.945.845)	(4.339.489)
Таза активтер	16.081.841	15.128.175
Қауымдасқан ұйымға қатысу үлесінің баланстық құны	5.249.584	4.938.279

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**6. ҚАУЫМДАСҚАН ҰЙЫМҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)**

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жыл	2024 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	11.598.731	9.413.761
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	(9.190.181)	(8.034.190)
Қаржылық кірістер	225.417	204.750
Әкімшілік шығыстар	(981.737)	(907.262)
Өткізу шығыстары	(13.829)	(8.312)
Бағамдық айырма, нетто	(564.569)	1.713.720
Басқа да кірістер	65.788	51.177
Басқа да шығыстар	(140.966)	(38.735)
Табыс салығы бойынша шығыс	(44.988)	(14.216)
Кіріс және жалпы жиынтық кіріс	953.666	2.380.693
Пайдадағы және жалпы жиынтық кірістегі үлес	311.305	777.128
Қауымдасқан ұйымға қатысу үлесінің баланстық құнын түзету	–	218.597

7. АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМДЕР ЖӘНЕ БАСҚА ДА АЙНАЛЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша алдын ала төлемдер мен басқа да айналымдағы активтер былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
«Жезқазған қаласында Оқушылар сарайының құрылысы» жобасы бойынша берілген аванс	2.601.825	–
«ҚР Ұлттық орталық мұражайындағы желдету және ауа баптау жүйесін жаңғырту» жобасы бойынша берілген аванс	246.609	–
Қызметтер үшін алдын ала төлемдер	78.714	16.157
Басқа да қысқа мерзімді дебиторлық берешек	21.511	19.911
Келешек кезеңдердің шығыстары	1.3.693	1.872
Басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем	106	125
«Қосшы қаласында Community Center құрылысы» жобасы бойынша берілген аванс	–	9.499.800
«Халықтың әлеуметтік осал топтары деп танылған Астана қаласының жеке тұлғаларын қолдау» жобасы бойынша берілген аванстар	–	1.071.144
	2.962.458	10.609.009

2025 жылғы 31 желтоқсанға берілген аванстар келесі жобалармен көрсетілген:

1. «Жезқазған қаласында Оқушылар сарайын салу» жобасы бойынша мердігер «ELITE CONSTRUCTION STROY» ЖШС-не құрылыс-монтаж жұмыстары үшін 2.601.825 мың теңге мөлшерінде төлем жасалды;
2. «ҚР Ұлттық орталық мұражайында желдету және ауа баптау жүйесін жаңғырту» жобасы бойынша мердігер «Эрна строй KZ» ЖШС-не 246.609 мың теңге сомасында төлем жасалды;

8. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ-тың қысқа мерзімді қазынашылық бағалы қағаздарына (T-bills) салынған инвестициялар	10.051.374	–
	10.051.374	–

АҚШ-тың қысқа мерзімді қазынашылық бағалы қағаздарына (T-bills) салынған инвестициялар 2025 жылғы 17 шілдеде 4,26% өтеуге дейінгі кірістілікпен 19.999 мың доллар жалпы сомаға 204.230 дана көлемінде сатып алынған қысқа мерзімді мемлекеттік борыштық құралдарды білдіреді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**9. БАСҚА ДА АЙНАЛЫМДАҒЫ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ**

2025 жылғы 31 желтоқсанға қаржы активтері жылдық 3,25% сыйақы мөлшерлемесімен 61 күн мерзімге «ForteBank» АҚ-да АҚШ долларындағы және 178 күнге 15% сыйақы мөлшерлемесімен теңгедегі депозиттермен білдірілген (2024 жылы: қаржы активтері тиісінше 12 ай кезеңіне жылдық 14,25% сыйақы мөлшерлемесімен теңгемен және АҚШ долларындағы депозиттермен білдірілген).

2025 жылы қысқа мерзімді депозиттер бойынша түскен пайыздық кіріс 353.136 мың теңге болды (2024 жылы: 394.453 мың теңге).

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржы активтері былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Депозит шоттарындағы АҚШ долларымен қалдықтар	8.283.112	–
Депозит шоттарындағы теңгемен қалдықтар	227	1.011.425
	8.283.339	1.011.425
Минусы - күтілетін кредиттік зияндар резерві	(41.533)	(13.488)
	8.241.806	997.937

2025 және 2024 жылдардың ішінде күтілетін кредиттік зияндардың бағалау резервіндегі өзгерістер былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жыл	2024 жыл
1 қаңтарда	13.488	17.489
Резервті есептеу / (қайтару)	28.045	(4.001)
31 желтоқсанға	41.533	13.488

10. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына сауда және басқа да кредиторлық берешекке мыналар кірді:

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Үшінші тараптардың алдындағы сауда кредиторлық берешек	3.513	1.956.704
Басқа да кредиторлық берешек	93	–
	3.606	1.956.704

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда және басқа да кредиторлық берешек теңгемен көрсетілген және 30-90 күннің ішінде өтелуге жатады. Қордың сауда және өзге де кредиторлық берешекке қатысты валюталық тәуекел мен өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығы туралы ақпарат 18-ескертіпте ашылып көрсетілген.

11. ПАЙДАЛАНЫЛМАҒАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАРНАЛАРЫ

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына пайдаланылмаған қайырымдылық жарналарына мыналар кірді:

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
«RG Gold» ЖШС-нен қайырымдылық жарналары	12.809.849	–
«Cantech S.a.r.l.» ЖШС-нен қайырымдылық жарналары	7.538.550	–
«RCF VII - RG Gold SARL» ЖШС-нен қайырымдылық жарналары	1.256.425	–
Құрылтайшыдан жарғылық мақсаттарды дамытуға арналған қайырымдылық жарналары	–	9.780.184
«Nova Лизинг» АҚ-нан демеушілік көмек	–	300.000
«Burabike Fest» веложарысынан түскен қайырымдылық жарналар	–	78.010
	21.604.824	10.158.194

2025 жылы Қор өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес қайырымдылық мақсаттарға арналған қаражат алды. Аталған қаражатты Қор қайырымдылық жобаларды іске асыруға немесе әкімшілік шығыстарды қаржыландыруға пайдалана алады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**11. ПАЙДАЛАНЫЛМАҒАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАРНАЛАРЫ (жалғасы)**

Демеушілік көмек 2025 жылғы 27 маусымдағы Демеушілік көмек көрсету туралы шартқа сәйкес «RG Gold» ЖШС тарапынан көрсетілді. Демеушілік көмек 2025 жылы қайырымдылық жобаларының кең ауқымында және Қор іске асыратын жарғылық мақсаттарда пайдалану үшін 18.163.950 мың теңге сомасында алынды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдаланылмаған демеушілік көмектің қалдығы болашақта пайдаланылатын 12.809.849 мың теңгені құрады.

Демеушілік көмек 2025 жылғы 11 шілдедегі Демеушілік көмек көрсету туралы шартқа сәйкес «Cantech S.a.r.l. компаніясы тарапынан көрсетілді. Демеушілік көмек 2025 жылы қайырымдылық жобаларының кең ауқымында және Қор іске асыратын жарғылық мақсаттарда пайдалану үшін 15 000 мың АҚШ доллары сомасында немесе баламасы 8.349.150 мың теңге сомасында алынды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдаланылмаған демеушілік көмектің қалдығы болашақта пайдаланылатын 7.538.550 мың теңгені құрады.

Демеушілік көмек 2025 жылғы 11 маусымдағы Демеушілік көмек көрсету туралы шартқа сәйкес «RCF VII -RG GOLD SARL» тарапынан көрсетілді. Демеушілік көмек 2025 жылы қайырымдылық жобаларының кең ауқымында және Қор іске асыратын жарғылық мақсаттарда пайдалану үшін 2 500 мың АҚШ доллары сомасында немесе баламасы 1.346.400 мың теңге сомасында алынды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдаланылмаған демеушілік көмектің қалдығы болашақта пайдаланылатын 1.256.425 мың теңгені құрады.

12. КІРІСТЕР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін кірістерге мыналар кіреді:

Мың теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
Қайырымдылықтан түскен кірістер		
«Қосшы қаласында Community Center құрылысы» жобасы [А]	9.525.961	4.571
Астана қаласы әкімдігі үшін халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы жеке тұлғаларға пәтерлер сатып алу [Б]	3.538.175	6.937.161
Аутизм «Баршамызға ортақ әлем» [В]	952.462	862.662
«Жасыл мектеп» жобасы [Г]	548.736	81.289
Қызылорда қаласы әуежайының жолаушылар терминалын салу [Д]	318.006	15.713.501
Елімай футбол клубы ҚҚ [Е]	192.795	–
Әкімшілік шығыстарды өтеу бөлігінде өтеусіз алынған қаражаттан түсетін кірістер	172.621	–
«Jas Leader Akademiiasy» жобасы [Ә]	136.478	367.184
Оқушылар сарайы, Ұлытау обл., Жезқазған қ. [Ж]	45.812	–
ҚЗО колледжі жанындағы Мәжит Жамитұлы атындағы зертхана [З]	39.750	–
Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабының 50 жылдығына арналған жаңа басылым [И]	24.619	–
«Арал теңізі түбінің экожүйесін жақсарту» жобасы [К]	10.358	–
Қосшы қаласында 1500 орынды мектеп салу жобасы [Л]	5.018	17.950
Есік қаласында мектеп салу жобасы [М]	5.000	10.435.685
Verny Leadership Program [ІІ]	2.319	–
Су тасқыны кезінде көмек көрсету жобасы [О]	450	11.561.921
«Ұлттық Олимпиада комитеті» жобасы [П]	–	350.000
Париж қаласындағы Гиме мұражайындағы көрмені қолдау [Р]	–	142.728
Мүгедек балалардың ата-аналар қауымдастығы МБАҚ [С]	–	34.645
Батырхан Шөкенов атындағы қорды қолдау [Т]	–	21.178
Қостанай облысында Инсульт орталығын құру жобасы [У]	–	4.392
ТЖ кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету (Қызыл ай) [Ф]		828
Қайырымдылықтан түскен кірістер жиыны	15.518.560	46.535.695

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. КІРІСТЕР (жалғасы)**

- [А] Қор қазақстандықтар үшін заманауи әлеуметтік нысанлар салулы жалғастырула және олардың бірі Қосшы қаласында ауданы 7.7 мың шаршы метр болатын жаңа заманауи Қоғамдық комьюнити орталығын салу. Құрылыс 2024 жылғы желтоқсан айының соңында аяқталды. Қосшы қаласындағы Қоғамдық комьюнити орталығы Қазақстандағы алғашқы осындай орталық болмақ. Нысан үш негізгі аймақтан – білім беру, мәдени және спорттық аймақтардан тұрады.

2025 жылғы қаңтарда Қоғамдық комьюнити орталығы пайдалануға беріліп, Қосшы қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіне берілді, онда тұрғындар спорт секцияларына, музыкалық сыныптарға және мәдени іс-шараларға қатыса алады.

- [Б] 2023 жылдың соңында халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы жеке тұлғаларға көмек көрсету бойынша жаңа жобаны іске асыру басталды. 2023 жылғы желтоқсанда Қор Астана қаласының әкімімен Меморандумға қол қойды, оған сәйкес Қор халықтың әлеуметтік осал топтарын және/немесе тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін Астана қаласының әкімдігіне қайырымдылық көмек түрінде тұрғын пәтерлерді сатып алып, тегін беретін болады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 6.937.161 мың теңге). 2024 жылы Қор тұрғын үйге мұқтаж адамдар үшін 500 пәтердің 350-ін Астана әкімдігіне, оның ішінде «Баламекен» жобасы шеңберінде халықтың әлеуметтік осал топтары санатынан өтеусіз берді. 2025 жылғы мамырда Қор 500 пәтердің қалған 150 пәтерін Астана қаласының әкімдігіне өтеусіз берді. Берілген пәтерлер жайлылық класына жатады және Астананың қазіргі заманғы тұрғын үйлерінде орналасқан. Барлық үйлер жоғары жылдамдықты лифттермен, бетті тану жүйесімен, жерасты паркінгтерімен жабдықталған және кең аула аумағы бар.

- [В] 2015 жылы Қор аутизмі бар балаларға көмектесуге арналған «Аутизм. Баршамызға бір әлем» бағдарламасын іске асыруға кірісті. Бағдарламаның негізгі мақсаты – диагноз қоюдан бастап қоғамдағы тәуелсіз өмірге дейін ерте диагностика, оңалту және әлеуметтік интеграция арқылы аутизмі бар балалардың өмір сүру сапасын арттыру. Қазақстанның 12 қаласында «Асыл мирас» 13 аутизм орталығы жұмыс істейді

13 аутизм орталығының 11-і өңірлердегі жергілікті атқарушы органдардың Білім беру басқармаларына қарайды, ал олардың 2-еуі, атап айтқанда Алматы және Астана қалаларындағы орталықтар Қор құрылымына кіреді. Сондай-ақ, 2022 жылы «Аутизм. Әлем баршаға ортақ» бағдарламасын стратегиялық дамыту мақсатында материалдық-техникалық, педагогикалық-оқыту, ақпараттық-инновациялық, зияткерлік және өзге де оқыту ресурстарын біріктіру мен шоғырландыруды жүзеге асыратын Ресурстық орталық құрылды. Сонымен қатар, орталық аутизм саласындағы халықаралық әріптестікті дамытуға және озық тәжірибелер негізінде аутизм спектрінің бұзылыстары (АСБ) бар адамдарды қолдау стандарттарының жүйесін жетілдіруге бағытталған қызметті жүзеге асырады. Қор тұрақты негізде 13 аутизм орталығының материалдық-техникалық жағдайын қолдайды, аутизм орталықтары мамандарына ынталандыру қолдауын көрсетеді, сондай-ақ халықаралық жаттықтырушыларды тарта отырып, олардың біліктілігі мен кәсіби білім деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.

- [Г] «Жасыл Мектеп» жобасы 2021 жылы Алматыда басталды, онда Қор мемлекеттік мектептерде 16 жылыжай орнатты. 2022 жылы жобаға Астана қаласының 19 мектебі мен 1 колледжі қосылды. Жылыжайдағы сабақтар мектеп бағдарламасын тәжірибелік сабақтармен толықтырады және мұғалімдер үшін қызықты факультатив сабақтарын өткізуге тамаша мүмкіндік болады. Жылыжайдағы сыныптан тыс жұмыстар балаларды тәртіпке үйретеді, оларды өсімдіктерге жауапты болуға, оларға күтім жасауға, зерттеуге, көбірек оқып, білуге, қарым-қатынас жасауға және топтағы өз міндеттемелерін табыстауға, тайм-менеджментке, туындайтын мәселелер мен проблемаларды шешуге, мысалы, зиянкестермен қалай күресуге болатындығын үйретеді. Жылыжайлар мектеп оқушылары үшін ботаника сабақтарын қызықты етуге көмектесетіндігімен қатар, олар әлі де мектеп оқушыларының эко мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді және өздерінің ғылыми зерттеулері үшін жақсы алаң болып табылады. Бүгінгі таңда бағдарламаға 36 оқу орны, 6 мыңға жуық оқушы, 70-тен астам мұғалім қатысады. Осы жылыжайлардың негізінде 2023 жылы оқушылар 23 ғылыми жоба әзірледі.

Жоба 2025 жылы аяқталды. 2025 жылғы 3 қазанда Сыйға тарту шартына сәйкес 20 жылыжай «Астана қаласы әкімдігінің Білім басқармасы» ММ қарасты 20 оқу орнына берілді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. КІРІСТЕР (жалғасы)**

[Д] 2024 жылғы қарашада Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата әуежайының жаңа терминалы ашылды. Ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа әуежай аймақтың көлік-логистикалық әлеуетін едәуір жақсартуға және әуе айлағының өткізу қабілетін жылына 2 миллион жолаушыға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Құрылыс аяқталғаннан кейін әуежай қаланың коммуналдық меншігіне өтеусіз берілді. Терминалда телескопиялық трап, эскалаторлар мен лифтілер, багажды беру мен өңдеудің автоматтандырылған жүйесі, транзиттік жолаушыларға арналған зал, СІР залы қарастырылған. Бастапқыда жобада бір телескопиялық трап орнату көзделген, 2024 жылы Қор Қызылорда қаласының коммуналдық меншігіне ресми түрде берілген визуалды қондыру жүйесі бар екінші телескопиялық трап орнату туралы шешім қабылдады. Жаңа ғимаратта өзін-өзі тіркеу орындары, намазханалар, Duty Free аймағы, сондай-ақ шекара және кеден қызметтері, фитосанитария және ветеринария қызметкерлері, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және желілік полиция қызметкерлері үшін арнайы кеңістіктер пайда болды. Құрылыста халықаралық брендтердің жабдықтары, технологиялары мен жобалық материалдары қолданылды. Сондай-ақ, 2024 жылы Қор әуежайға Қытайда шығарылған Yutong фирмасының жаңа перрондық автобусын сатып алып, оны сыйға тартты.

2025 жылғы қаңтарда Қор Қызылорда облысының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына телескопиялық трап пен көзбен шолып бақылау және қондыру жүйесін (Түркия өндірісі) берді.

[Е] 2025 жылы «Елімай» Футбол клубы ҚҚ Қордан жабық үрлемелі Манеждің бірінші және екінші қабаттарындағы қосалқы үй-жайларда (душ бөлмелері, киім ауыстыратын бөлмелер, санитарлық тораптар, медициналық кабинеттер, жаттықтырушылар бөлмелері және өзге де үй-жайлар), футбол кешенінің балалар футбол инфрақұрылымында ішкі әрлеу жұмыстарын жүргізу үшін қайырымдылық көмек көрсету туралы өтінішпен жүгінді. «Елімай» балалар ФК иелігінде УЕФА стандарттарына сәйкес келетін толық өлшемді футбол алаңы бар Мансж орналасқан, онда Орталық тәрбиеленушілері күндізгі уақытың барлығында жаттығу процесін өткізеді, алайда қосалқы үй-жайлардың пайдалануға дайын болмауына байланысты балалар қажетті жағдайларсыз ашық алаңда, күннің астында киім ауыстыруға мәжбүр. Жобаны қаржылай қолдау өңірдегі спорттық инфрақұрылымды дамытуға ықпал етті және балалардың жаттығуы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді, бұл жас спортшылардың қалыптасуы үшін аса маңызды болып табылады. Көмектің жалпы сомасы 192.795 мың теңге болды.

[Ё] 2021 жылы Түркістан облысы мен Шымкент қаласының әкімдіктерімен ынтымақтаса отырып «Jas Leader Akademiiasy» (немесе Көшбасшылық академиясы) жаңа бағдарламасын іске қосты. Бағдарламаның мақсаты - 5-11 сынып оқушылары арасында көшбасшылық қабілеттерді қолдап, дамыту және мектепте оқытпайтын, бірақ сұраныстағы дағдыларды үйрету. Оқушылар қарым-қатынас, критикалық ойлау негіздерін, көпшілік алдында сөйлеу және келіссөз жүргізу дағдыларын тиімді пайдалануды үйренеді. Факультативті сабақтар, ай сайынғы кездесулер, мастер класстар және үздік оқушылар марапатталатын жыл сайынғы конференциялар өткізілді. 2021 жылдан 2024 жылға дейін бұл жобамен Қазақстанның 182 мектебінде 41.500 оқушы қамтылды.

2025 жылғы тамызда жоба қорытынды Форумды өткізумен сәтті аяқталды және жобаның әдістемелік бөлігі оны одан әрі бенефициар-мұрагерлерге берілді: «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы», «Шымкент қаласы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты», «Отпан» жобасы – Білім беруді тұрақты дамыту қоры және Маңғыстау облысы Білім басқармасы ММ.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. КІРІСТЕР (жалғасы)**

[Ж] Білім беруді қолдау және балалар мен жастардың дамуы үшін заманауи инфрақұрылым құру Қор қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. 2025 жылғы мамырда Қор Ұлытау облысының әкімдігімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды, оған сәйкес Жезқазған қаласының жаңа Батыс ауданында Оқушылар сарайын салу көзделген. Жоба әкімдіктің тапсырысы бойынша «Архдизайнстрой» ЖШС тарапынан әзірленді. Қор құрылысты толық көлемде қаржыландырады. 2025 жылғы тамызда нысанның іргетасын қалау рәсімі салтанатты түрде өткізілді. Нысанды пайдалануға беру мерзімі 2026 жылғы мамыр айының соңына белгіленген. Кешеннің жалпы ауданы 2.600 шаршы метрден асады. Жаңа орталықта арт-студия, күйдіру бөлмесі бар қыш шеберханасы, ерте дамыту орталығы, жекпе-жек және хореография залдары, физика, математика, жаратылыстану ғылымдары және робототехника кабинеттерін қамтитын STEM-блок, цифрлық өнер және графикалық дизайн студиясы, фотостудия, музыка сыныптары, шахмат кабинеті және кең акт залы орналасқан. Балалар мен жасөспірімдер орталығында барлығы 14 оқу кабинеті, қызметкерлерге арналған жеке аймақтар, медициналық кабинет және коворкинг-кеңістіктері қарастырылған. Нысан бір мезгілде 250 балаға дейін қабылдауға есептелген. Үйірмелердегі сабақтар тегін негізде, бірнеше ауысымда ұйымдастырылатын болады, бұл күніне 600-ге дейін баланы қамтуға мүмкіндік береді.

Аумағы 1,6 гектар болатын кешеннің аумағында спорт және ойын алаңдары, сондай-ақ абаттандырылған қоғамдық кеңістік орналасқан. Ғимарат инклюзивтілік қағидаттары мен кедергісіз орта құру талаптарын ескере отырып жобаланған. Барлық үй-жайлар әртүрлі қажеттіліктері бар балалардың жайлы келуіне бейімделген, ал сенсорлық бөлме инклюзивті білім беруді қолдау мен дамытудың маңызды құрамдас бөлігіне айналады.

[З] 2025 жылғы сәуірде Қызылорда облысындағы Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда жоғары политехникалық колледжінен виртуалды зертхана кабинетін қайта ұйымдастыру және ашу туралы өтініш келіп түсті. Жоба шеңберінде кабинетті жөндеу жұмыстарын жүргізу және студенттерді «Газбен жабдықтау», «Ветеринария», «Құрылыс», «Геология» және «Гидромелиорация» бағдарламалары бар ЭВМ үшін виртуалды шынайылық (VR) технологиялары арқылы оқытуға арналған бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықталған қажетті құрал-жабдықтармен жарақтандыру көзделген. Қор аталған жобаны қолдап, оны қаржыландырды.

[И] 2025 жылғы 27 мамырда ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығы Болат Өтемұратов қорымен, Narxoz University, RUDN University және басқа да серіктестермен бірлесіп, акын әрі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабының 50 жылдығына арналған «Түркіславистиканың тууы» тақырыбындағы білім мәдениетін қолдауға бағытталған VII халықаралық конференцияны ұйымдастырды. Қор «Аз и Я» кітабын қайта басып шығаруға (7 000 данаға дейін) және «Аз и Я» кітабының 50 жылдығына арналған конференцияны ұйымдастыру мен өткізудің бір бөлігін қаржыландыруға қайырымдылық көмек көрсетті. Конференцияның мақсаты Еуразияның бірнеше ұрпақ оқырмандарының ұлттық және интернационалдық өзіндік санасының қалыптасуына ықпал еткен, жарты ғасыр бойы мәдениеттерді жақындастырып, олардың өзара байланысты тарихын ашып келе жатқан «Аз и Я» кітабының тарихи рөлін ғылыми тұрғыдан зерделеу болды. Конференция аясында «Аз и Я» кітабының жаңа басылымының, «Аз и Я» кітабының тарихын ашатын 1970–1980 жылдардағы құжаттардың архивтік жинағының, кітаптың мерейтойына арналған «Простор» әдеби журналының №5 санының салтанатты тұсаукесері өтті, сондай-ақ публицистика саласындағы Олжас Сүлейменов атындағы халықаралық сыйлық салтанатты түрде табысталды.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. КІРІСТЕР (жалғасы)**

- [К] Қор қоршаған ортаның жай-күйіне бейжай қарамайды, сондықтан оның қызметінің негізгі бағыттарының бірі елдегі және әлемдегі экологиялық ахуалды жақсартуға ықпал ететін экологиялық бастамаларды қолдау болып табылады. Осы мақсатта 2025 жылғы желтоқсанда Қамқоршылық кеңес мүшелері «Инновациялық отырғызу әдісін қолдану арқылы Арал теңізі түбінің экожүйесін жақсарту» жобасын пилоттық түрде іске асыруды мақұлдады.

Аталған жоба шеңберінде «Аралды құтқару халықаралық қоры» Аткарушы дирекциясы ҚҚ-мен, «Қорқыт Ата» атындағы Қызылорда университеті КеАҚ-пен және «The Regents of the University of California Berkeley» ұйымымен шарттар жасалды. E-seed жобасы биодиверситеттің тұқым тасымалдағыштарын әзірлеу арқылы табиғи аумақтарды қалпына келтіру үдерісін жеделдетуге бағытталған, олар өздігінен топыраққа өну қабілетіне ие, соның нәтижесінде тұқымдардың өну көрсеткішін жақсартып, орманды қалпына келтіруге жұмсалатын шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Жоба шеңберінде әртүрлі қолдану сценарийлерінде тиімділікті қамтамасыз ету мақсатында екі технологиялық тәсілді зерттеу көзделген: жаңбыр әсерінен белсендірілетін өздігінен топыраққа өнетін E-seed және жауын-шашынға тәуелді емес «ұшатын» E-seed баламалы нұсқасы, сондай-ақ тұқымдарды топыраққа көму үшін биомиметикалық механизмдерді пайдаланатын E-seed-тің екі прототипін әзірлеу және оңтайландыру жоспарланған.

Жобаның мақсаты дәстүрлі авиациялық тұқым себу әдісімен салыстырғанда тұқымдардың өну көрсеткіштерінің жақсарғанын және далалық жағдайларда тиімділіктің жоғарылағанын көрсету болып табылады. Жаппай өндіруді және кейіннен коммерцияландыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ауқымдалатын өндірістік процестерді әзірлеу. Қормен бірлесіп пилоттық сынақтар мен далалық валидация жүргізу мақсатында ғылыми зерттеулерді бірлесіп жүзеге асыруға және техникалық алмасуға жәрдемдесу. Осы Жұмыс көлемі прототиптерді әзірлеуден бастап оларды далалық жағдайда валидациялауға дейінгі жұмыстарды қамтиды және табиғи экожүйелерді қалпына келтіру жөніндегі E-seed бастамасының мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Жобаның сәтті іске асырылуы тұқымдардың өнгіштігін арттыруға және ормандарды қалпына келтіру жөніндегі жаһандық күш-жігерді қолдауға арналған инновациялық әрі экологиялық қауіпсіз құралды жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ бұл технологияны ауқымдау және одан әрі дамыту жөніндегі ынтымақтастықтың негізін қалайды.

Жобаның пилоттық кезеңін аяқтау 2027 жылға жоспарланған.

- [Л] 2023 жылғы тамызда Қор салған жалпы ауданы 16 мың шаршы метрді құрайтын, 1 500 оқушы орнына арналған жайлы мектеп Қосшы қаласының коммуналдық меншігіне берілді. 2024 жылы Қосшы қ. мектебінің сұранысы бойынша Қор мектеп аумағын қар мен қоқыстан тазарту үшін жаңа «Zoomlion» шағын тиегішін тегін берді. 2025 жылы құрылыс процесін ұйымдастыру және сүйемелдеу бойынша ақылы қызметтер көрсету шартының жобасы аясында жобалау және құрылыс процестерін ұйымдастыру қызметтері үшін мердігерге соңғы төлем жүзеге асырылды.
- [М] 2024 жылы Алматы облысының Есік қаласында жалпы ауданы 13 мың шаршы метр болатын 900 оқушыға арналған үш қабатты жаңа мектеп салу жобасы сәтті аяқталды. 2024 жылғы қыркүйекте мектеп жиһазбен, жабдықтармен, техникамен толық жабдықталып, Есік қаласының коммуналдық меншігіне берілді. Мектеп оқу сыныптарымен қоса рекреациялық аймақтармен, заманауи оқу-өндірістік шеберханалармен, спорттық және гимнастикалық залдармен, акпарат орталығымен, зертханамен, шығармашылық студиямен және коворкинг кеңістігімен жабдықталады. Баскетбол-волейбол алаңшасы, мини-футбол алаңы мен жарыс жолдары бар, жоғарғы және бастауыш мектеп жасындағы оқушыларға арналған ойын алаңшалары бар стадион қарастырылған. Ойын және спорт аймақтары полимерлі үгінді негізінде жұмсақ резеңкелі жабынымен жобаланған. Мектеп айналасында көпжылдық шөп гүлзары, жергілікті ағаштар мен бұталар түрлері отырғызылған. Кіреберіс аймағы пандустармен, көру қабілеті бұзылған балаларға арналған тактильдік жолдармен жабдықталған. 2025 жылы құрылыс процесін ұйымдастыру және сүйемелдеу бойынша ақылы қызметтер көрсету шартының жобасы аясында жобалау және құрылыс процестерін ұйымдастыру қызметтері үшін мердігерге аралық төлем жүзеге асырылды.
- [Н] Қор өзінің кадрлық әлеуетін дамытуға және қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөледі. Осы мақсатта Қор көшбасшылық құзыреттерді дамыту, басқарушылық дағдыларды жетілдіру және команда мүшелерінің кәсіби сараптамасын нығайту арқылы кадрлық резервті қалыптастыруға бағытталған Venu Leadership Program бағдарламасына қосылды.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. КІРІСТЕР (жалғасы)**

- [О] 2024 жылы Қор еліміздің Ақтөбе және Ақмола облыстарында су тасқынынан зардап шеккендерді тұрғын үймен қамтамасыз етуге көмек көрсетті. Ақтөбе облысының Қобда ауданында 147 тұрғын үй салынып, тұрғындарға берілді, Ақтөбе облысының Әйтеке би, Алға, Ойыл, Мұғалжар, Мәртөк, Темір аудандарында 283 үй мен пәтерді таза безендіруде дайын тұрғын үй сатып алынды. Ақмола облысында (Көкшетау қ. және аудандар) 67 үй мен пәтер дайын күйде сатып алынып, су тасқынынан зардап шеккен жеке тұлғаларға берілді. Сондай-ақ, көмек су басу аймақтарынан эвакуацияланғандарға шұғыл көмек көрсету үшін «Демеу Қазақстан қоры» корпоративтік қорына аударылды.
- [П] 2024 жылы Ұлттық олимпиада комитетінің пайдасына жарғылық қызметті қолдау үшін, сондай-ақ Қазақстандағы олимпиада қозғалысын дамытуға, ілгерілетуге және қорғауға ықпал ететін іс-шараларға, оның ішінде олимпиада комитетінің мүдделерін басқа халықаралық ұйымдарда білдіруге көрсетілген қайырымдылық көмек.
- [Р] 2024 жылғы қарашада Қазақстан мен Франция мемлекеттері басшыларының қамқорлығымен азия өнерінің Ұлттық мұражайы – Гимада (Париж) ҚР Ұлттық мұражайы мен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығының коллекциясынан «Қазақстан: Ұлы Дала қазынасы» көрмесі ашылды. Көрме 2025 жылғы 24 наурызға дейін созылды. Қазақстан Еуропа елдерімен мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға көп көңіл бөледі. Осы саладағы өзара іс-қимылдың маңызды бағыттарының бірі тарихи-мәдени мұраны дәріптеу болып табылады. Әлемдегі ең толық және Еуропадағы ең ірі азиялық өнер коллекциясы, оның ішінде Қазақстанның бірнеше мәдени артефактілері бар Шығыс өнер мұражайы – Гимадағы Қазақстанның тарихи мұрасының көрмесі өнер әлеміндегі маңызды оқиға болды.
- [С] 2018 жылғы 3 наурызда Қор мүгедек балалардың ата-аналар қауымдастығымен (МБАҚ) меморандумға қол қойды, оның аясында БЦП диагнозы бар балаларға арналған қарқынды оңалту және ерте араласу орталығы ашылды. Осы меморандум шеңберінде Қор орталықты дамытуға және қолдауға, сондай-ақ орталық базасында бүкіл Қазақстан үшін осы салада мамандар даярлау жөніндегі оқу-әдістемелік орталық құруға жыл сайынғы қайырымдылық көмек көрсетеді. 2024 жылғы желтоқсанда МБАҚ жобасы аяқталды.
- [Т] 2018 жылғы 10 сәуірде Батырхан Шөкенов атындағы қор мен Қор ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Жобаның жалпы мақсаты - Батырхан Шөкенов деңгейіндегі музыканттардың пайда болуы мүмкін жанды және мықты музыкалық ортаны қалыптастыру. Қор көрсеткен қайырымдылық көмек үрмелі аспаптар сыныбы бойынша оқитын дарынды студенттерге қолдау көрсету үшін Батырхан Шөкеновтің атаулы стипендиясын құруға, сондай-ақ Батырхан Шөкенов атындағы үрмелі аспаптарда орындаушылардың республикалық байқауын өткізуге және басқа да іс-шараларға бағытталды. 2024 жылы Батырхан Шөкенов атындағы қормен жоба сәтті аяқталды.
- [У] 2023 жылы Қор Қостанай облысы Әуликөл аудандық орталық ауруханасының базасында инсульт орталығын құруды қаржыландырды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 876.459 мың теңге). Бөлінген қаражатқа диагностикалық зерттеулер жүргізу және үй-жайларды техникалық даярлау үшін жаңа медициналық жабдықтар сатып алынды және өтеусіз берілді. Бұл жоғары білікті медициналық көмекті уақытылы көрсетуге мүмкіндік береді және мидағы қан айналым жүйесінің ақауы бар пациенттер үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттырады. 2024 жылы жабдықтар мен жөндеу жұмыстарына соңғы төлем жүргізілді.
- [Ф] «Көмек картасы» - Қордың, Қазақстанның Қызыл Ай мен ForteBank-тің бірлескен бастамасы. Жоба табиғи және техногендік апаттардан зардап шеккен адамдарды уақтылы қолдауға бағытталған.
- 2024 жылы су тасқыны Ақтөбе облысына, Ақмола облысына, Солтүстік Қазақстан облысына, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысына әсер етті. Қор су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға «Көмек картасы» жобасынан тыс өз бетінше көмек көрсету туралы шешім қабылдады.
- 2023 жылы су тасқыны Ақтөбе облысына, Қобда және Құрман кенттеріне, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысына, Ақсай қаласына әсер етті. 1 466 зардап шеккен адам 146,6 млн теңге жалпы сомаға көмек алды.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**13. САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ**

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін сатудың өзіндік құнына мыналар кіреді:

Мың теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
Қайырымдылық бойынша операциялық шығыстар		
Аутизм «Баршамызға ортақ әлем»		
Персонал шығыстары	451.087	380.882
Кеңес беру қызметтері	127.640	127.829
Аутизм орталығының мамандарына арналған оқыту	70.100	67.424
HR шығыстары - ынталандыру бағдарламасына және корпоративтік іс-шараларды өткізуге	41.385	55.243
Коммуналдық қызметтер және орталықтарды ұстау шығыстары	31.417	35.320
Тозу және амортизация	29.954	22.368
Іссапар шығыстары	30.811	13.654
Орталықтарды жабдықтау шығыстары (инвестициялық шығыстар)	20.836	13.073
Ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығыстары	17.247	32.723
Қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу	27.074	18.850
Жалдау	13.200	13.200
Көрсетілген қайырымдылық көмек	3.687	40.514
МЕА тозуы және амортизациясы	-	4.773
Ғылыми қызмет	-	59
Басқа да шығыстар	88.024	39.746
«Аутизм. Баршамызға ортақ әлем» операциялық шығыстардың барлығы	952.462	865.658

Мың теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
«Қосшы қаласында Community Center құрылысы» жобасы	9.525.961	4.570
Астана қаласы әкімдігі үшін халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы жеке тұлғаларға пәтерлер сатып алу	3.538.175	6.937.161
«Жасыл мектеп» жобасы	548.736	81.289
Қызылорда қаласы өуежайының жолаушылар терминалын салу	318.006	15.713.501
Елімай футбол клубы ҚҚ	192.795	-
«Jas Leader Akademiiasy» жобасы	140.177	367.570
Оқушылар сарайы, Ұлытау обл., Жезқазған қ.	45.812	-
ҚЗО колледжі жанындағы Мәжит Жамитұлы атындағы зертхана	39.750	-
Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабының 50 жылдығына арналған жаңа басылым	24.435	-
«Арал теңізі түбінің экосүйесін жақсарту» жобасы	10.358	-
Қосшы қаласында 1500 орынды мектеп салу жобасы	5.018	17.950
Есік қаласында мектеп салу жобасы	5.000	10.435.685
Су тасқыны кезінде көмек көрсету жобасы	450	11.561.306
«Ұлттық Олимпиада комитеті» жобасы	-	350.000
Париж қаласындағы Гиме мұражайындағы көрмені қолдау	-	142.728
Мүгедек балалардың ата-аналар қауымдастығы МБАҚ	-	34.645
Батырхан Шөкенов атындағы қорды қолдау	-	19.957
Қостанай облысында Инсульт орталығын құру жобасы	-	4.392
ТЖ кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету (Қызыл ай)	-	828
«Қайырымдылық бойынша» операциялық шығыстардың барлығы	14.393.293	45.671.582
Өткізудің өзіндік құнының жиыны	15.345.755	46.537.240

Қорлар

Мың теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
Қайырымдылыққа беруге арналған тауарлар	-	720.244
Шикізат пен материалдар	256	12.934
	256	733.178

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**13. ӨТКІЗУДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ (жалғасы)****Қорлар (жалғасы)**

2024 жылғы 31 желтоқсанда қорлар құрамына «Фермер» үлгісіндегі 20 жылыжай енгізілген болатын, олар 2025 жылы Астана қаласындағы «Жасыл мектеп» жобасын іске асыру шеңберінде жалпы баланстық құны 419.533 мың теңгені құрай отырып, Астана қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіне мемлекеттік мектептердің балансына өтеусіз берілді.

Қорлар құрамына сондай-ақ жалпы сомасы 299.654 мың теңгені құрайтын Телескопиялық трап пен визуалды бақылау жүйесі (Түркия) енгізілді. 2025 жылғы наурызда бұл жинақ «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне сыйға тарту шарты бойынша берілді.

14. ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін әкімшілік шығыстарға мыналар кіреді:

Мың теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
Персонал шығыстары	369.744	234.127
Пайдалану құқығы нысанындағы активтің амортизациясы	48.441	31.670
Тозу және амортизация	9.941	4.189
Кеңес беру және аудиторлық қызметтер	4.065	6.546
Іссапар шығыстары	4.416	5.701
Байланыс қызметтері	3.728	3.297
Мониторинг және бағалау шығыстары	3.568	4.579
Коммуналдық қызметтер және ғимаратты күтіп ұстау	2.951	1.897
Көлік шығыстары	1.578	1.625
Банк комиссиясы	1.180	4.687
Сақтандыру шығыстары	219	104
Әкімшілік персоналды жалдау шығыстары	—	239
Басқасы	84.378	48.551
	534.209	347.212

15. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін қаржылық кіріске мыналар кіреді:

Мың теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
Банк депозиттері бойынша пайыздық кірістер (9-ескертпе)	353.136	394.453
Басқасы	—	318
	353.136	394.771

16. (ТЕРІС) / ОҢ БАҒАМДЫҚ АЙЫРМА, НЕТТО

2025 жылы Қор 547.048 мың теңге мөлшерінде бағамдық айырмадан болған таза шығынды мойындады (2024 жылы: таза кіріс 78 мың теңге мөлшерінде).

2025 жылы Қор алғаш рет өзінің жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін шетел валютасында демеушілік көмек алды, кейіннен бұл қаражат АҚШ-тың қысқа мерзімді қазынашылық бағалы қағаздарына инвестицияланды және шетел валютасында номинирленген қысқа мерзімді депозитке орналастырылды, ал 2024 жылы осындай қаржы құралдары болмаған. Нәтижесінде Қор валюталық тәуекелге ұшырады, бұл бағамдық айырмаларды тануға алып келді.

Қаржы құралдарына инвестициялар 2025 жылғы шілдеде орналастырылғандықтан, ал депозит 2025 жылғы қарашаның соңында орналастырылғандықтан, оларды кейінгі қайта бағалау АҚШ доллары бағамының жыл ішінде байқалған деңгейлермен салыстырғанда төмендеу кезеңінде жүргізілді. Бұл қайта есептеу нәтижесіне теріс әсер етті.

Нәтижесінде есепті күнге депозиттің функционалдық валютада көрсетілген баланстық құны бастапқы тану кезіндегі сомандан төмен болып шықты, бұл бағамдық айырмалар бойынша елеулі залалдың танылуына алып келді.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**17. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР**

24 ХҚЕС (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» сәйкес, тараптардың бірінің екіншінің қаржылық және операциялық шешімдеріне елеулі әсер ету немесе бақылау мүмкіндігі бар тараптар байланысты деп саналады. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны да ескеріледі. Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелер жасауы мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен талаптары байланыспаған тараптардың арасындағы мәмілелердің бағалары мен талаптарынан ерекшеленуі мүмкін.

Қор едәуір операцияларды жасаған немесе 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына едәуір сальдосы бар байланысты тараптармен өзара қарым қатынастардың сипаты төменде көрсетілген.

Қордың байланысты тараптармен 2025 және 2024 жылдардың ішінде жасалған мәмілелері былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	Құрылтайшы		Басқа да байланысты тараптар	
	2025 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2024 жыл
Алынған қайырымдылық көмек	–	(75.705.500)	–	–
Байланысты тараптардан болған қаржылық кіріс	–	–	353.136	394.453
Пайыздық шығыстар	–	–	(18.876)	(31.286)
Банк комиссиялары бойынша шығыстар	–	–	(1.180)	(5.605)

Мың теңгемен	Құрылтайшы		Басқа да байланысты тараптар	
	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Байланысты тараптардың бөreshөгі				3.356
Байланысты тараптардың алдындағы берешек	–	–	–	–

Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2025 жылғы 31 желтоқсанға негізгі басқарушы персонал 6 адамнан (2024 жылғы 31 желтоқсанға: 5 адам) тұрды. Жиынтық кіріс туралы есептің өткізудің өзіндік құны мен әкімшілік шығыстарына қосылған негізгі басқарушы персоналға арналған жалпы сыйақы сомасы тиісінше 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін 211.041 мың теңгені және 205.259 мың теңгені құрады. Негізгі басқарушы персоналға сыйақы келісімшарт бойынша жалақыны, ынталандыру сыйлықақыларын және мемлекеттік зейнетақы қорына аударымдарды қамтиды.

18. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Қор басшылығы Қордың тәуекелдерін басқару жүйесін ұйымдастыру және бұл жүйенің жұмыс істеп тұруына қадағалау үшін ортақ жауапкершілікті көтереді. Қордың тәуекелдерді басқару саясаты тәуекелді және тиісті бақылау тетіктерін анықтау және талдау, сондай-ақ тәуекелдерді бақылау және белгіленген шектеулерді сақтау мақсатында әзірленген. Тәуекелдерді басқару саясаты мен жүйелері нарықтық талаптардың және Қор қызметінің өзгеріп отыруына орай өзгерістерді енгізу қажеттілігі мәніне үнемі сараланып отырады. Қор реттелген әрі жұмыс істейтін бақылау жүйесін құру мақсатында оқыту және басқару стандарттары мен процедураларын белгілейді, әрі онда барлық жұмысшылар өздерінің рөлі мен міндеттерін айқын түсінеді.

Қордың негізгі қаржы құралдарына акша қаражаты мен оның баламалары, банктердегі депозиттер, берілген қаржылық көмек, сауда және басқа да дебиторлық әрі кредиторлық берешектер кіреді, олар Қордың шаруашылық қызметінен тікелей туындайды. Қордың қаржы құралдарынан туындайтын негізгі тәуекел нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі болып табылады. Тәуекелдерді басқару қағидаттары төменде келтірілген.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – қаржы құралы бойынша әділ құн немесе келешек акша ағындары нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Нарықтық тәуекелге тәуекелдің үш типі жатады: пайыздық тәуекел, валюталық тәуекел және басқа да баға тәуекелдері және тауарларға бағалардың өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекелге ұшырағыш келетін қаржы құралдарына акша қаражаты мен оның баламалары, банктердегі депозиттер, сондай-ақ сауда және басқа да дебиторлық берешек жатады.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**18. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)****Валюталық тәуекел**

Қор қазақстандық теңгеден өзгеше валютада көрсетілген қызметтер көрсету, сатып алу және банк депозиттеріне инвестициялар бойынша операцияларды жүзеге асыра отырып, валюталық тәуекелге ұшырайды. Аталған операциялар АҚШ долларында көрсетілген.

Шетел валюталарында білдірілген басқа да монетарлық активтер мен міндеттемелерге қатысты Қордың саясаты тәуекелге ұшыраған нетто-ұстанымды шетел валютасын «спот» бағамдары бойынша сатып алу немесе сату арқылы қолжетімді шекте ұстауға, сондай-ақ қысқа мерзімді тұрақсыздықты жою үшін ұстауға бағытталған.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың АҚШ долларымен көрсетілген монетарлық активтері мен міндеттемелерінің құрамына 24.353 мың теңге мөлшеріндегі ақша қаражаты мен оның баламалары, 8.283.112 мың теңге мөлшеріндегі банктердегі депозиттер, 10.051.374 мың теңге мөлшеріндегі қаржы активтері, сондай-ақ 102.996 мың теңге мөлшеріндегі сауда кредиторлық берешек пен өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер кірді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың валюталық тәуекелге ұшырайтын таза позициясы 9.569.844 мың теңгені құрады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың АҚШ долларымен көрсетілген қаржы активтері 1.919 мың теңгені құрады, ал сауда кредиторлық берешек пен өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер 31.310 мың теңгені құрады. Нәтижесінде көрсетілген күнгі жағдай бойынша Қордың валюталық тәуекелге ұшырайтын таза позициясы теріс болды және 29.391 мың теңгені құрады.

Келесі кестеде Қор пайдасының салық салынғанға дейінгі айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге барлық басқа өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Қордың таза активтеріне тікелей әсер етпейді.

Мың теңгемен	Айырбастау бағамының өзгеруі	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
2025 жылғы		
31 желтоқсан		
АҚШ доллары	15,88%	1.520.002
АҚШ доллары	(6,68%)	(639.471)
2024 жылғы		
31 желтоқсан		
АҚШ доллары	9,09%	(2.670)
АҚШ доллары	(7,34%)	2.157

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел - бұл контрагенттің қаржы құралы бойынша өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауынан туындаған қаржылық залалдың Қорда туындау тәуекелі және негізінен Қордың сауда және басқа да дебиторлық берешегіне, сондай-ақ банктердегі депозиттерге және банк шоттарындағы ақша қаражатына байланысты туындайды.

Қаржы активтерінің баланстық құны Қордың кредиттік тәуекелге барынша ұшырағыштығын көрсетеді. Қор басшылығы өз контрагенттері тарапынан дефолттардың туындауын күтпейді, соның салдарынан кредиттік тәуекелге ұшырау мейлінше аз деп санайды.

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**18. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)****Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

Келесі кестеде 2025 және 2024 жылдардың аяғындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары орналастырылған банктердің кредиттік рейтингтері келтірілген:

Мың теңгемен	2025 жылғы рейтинг	2024 жылғы рейтинг	Ақша қаражаты мен оның баламалары	
			2025 жыл	2024 жыл
«ForteBank» АҚ	Ba2	Ba2	24.353	17.166
			24.353	17.166
Күтілетін кредиттік зияндар резерві			-	-
			24.353	17.166

Келесі кестеде 2025 және 2024 жылдардың аяғындағы жағдай бойынша депозиттер орналастырылған және бағалы қағаздар сатып алынған банктердің кредиттік рейтингтері келтірілген:

Мың теңгемен	2025 жылғы рейтинг	2024 жылғы рейтинг	Банктердегі депозиттер мен бағалы қағаздар	
			2025 жыл	2024 жыл
«ForteBank» АҚ	Ba2	Ba2	8.283.339	1.011.425
АҚШ Қаржы министрлігі	Aaa	Aaa	10.051.374	-
			18.334.713	1.011.425
Күтілетін кредиттік зияндар резерві			(41.533)	(13.488)
			18.293.180	997.937

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – Қор қаржылық міндеттемелермен байланысты міндеттерді орындау қиындықтарына тап болуы мүмкін екендігінің тәуекелі, әрі солар бойынша есеп айырысулар ақша қаражатын немесе басқа да қаржы активін беру арқылы жүзеге асырылады.

Қордың өтімділікті басқару тәсілі мүмкіндігінше Қорда қолайсыз залалдың пайда болуына жол бермей және Қордың атына кір келтірмей әдеттегі, сол сияқты стрессті жағдайларда өз міндеттемелерін мерзімінде өтеу үшін жеткілікті болатын өтімді қаражаттың үнемі болуын қамтамасыз ету болып табылады. Қордың қаржылық міндеттемелері 1 айдан 6 айға дейінгі кезең ішінде өтелуге жатады.

Әділ құны

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны активті сату кезінде алынған немесе нарыққа қатысушылар арасында мәжбүрлі сатудан немесе таратудан басқа операция жүргізу кезінде міндеттемелерді беру кезінде төленген соманы білдіреді.

2024 және 2025 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржы құралдарының құны мұндай құралдардың қысқа мерзімділігіне орай шамамен олардың әділ құнына тең болады.

2025 және 2024 жылдары әділ құн иерархиясының деңгейлері арасында аударымдар жүзеге асырылған жоқ.

Қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер

2025 жылғы қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2025 жылғы 1 қаңтар	Пайыздар- ды есептеу	Алынғаны	Негізгі борышты төлеу	2025 жылғы 31 желтоқсан	
					Басқасы	
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	-	-	4.360.000	(4.360.000)	-	-
Жалдау бойынша міндеттемелер	72.316	32.693	-	(23.865)	49.597	130.741
Жиыны	72.316	32.693	4.360.000	(4.383.865)	49.597	130.741

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**18. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)**

Қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер

2024 жылғы қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жылғы 1 қаңтар	Пайыздар- ды есептеу	Алынғаны	Негізгі борышты төлеу	Пайыздар- ды төлеу	Басқасы	2024 жылғы 31 желтоқсан
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	3.207.789	31.287	20.544.433	(23.751.733)	(31.776)	–	–
Жалдау бойынша міндеттемелер	101.275	13.380	–	(28.959)	–	(13.380)	72.316
Жиыны	3.309.064	44.667	20.544.433	(23.780.692)	(31.776)	(13.380)	72.316

2025 жылғы қаңтарда Қор «Каспийская недвижимость» ЖШС-мен Қарыз беру туралы келісім жасасып, жылдық 0,5%-ға 360 күн мерзімге 4.360.000 мың теңге мөлшерінде қарыз алды. 2025 жылғы шілдеде қарыз мерзімінен бұрын өтелді.

Капиталды басқару

Қордың капиталды басқарудың ресми саясаты жоқ, дегенмен басшылық Қордың операциялық және стратегиялық мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін капиталды жеткілікті деңгейде ұстап тұру үшін шаралар қолданады. Бұған ақша қаражатын тиімді басқару, Қордың түсімі мен пайдасына үнемі мониторинг жасау және Қордың операциялық қызметі есебінен қаржыландырылатын ұзақ мерзімді инвестицияларды жоспарлау арқылы қол жеткізіледі. Коммерциялық емес ұйым бола отырып, Қор өз қызметін қоғамдық мүдделер үшін жүзеге асырады және табыс табуды өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде көздемейді.

19. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2026 жылғы 16 қаңтарда Қор «Treasury Bills» бағалы қағаздары бойынша 423,1 мың АҚШ доллары мөлшерінде сыйақы алды.

2026 жылғы мамырда Жезқазған қаласындағы Оқушылар сарайының ғимараты пайдалануға беріліп, Ұлытау облысы әкімдігінің коммуналдық меншігіне табысталды.

2026 жылғы қаңтарда Қамқоршылық кеңесінің мүшесі О.О. Сүлейменовтен «Олжас Сүлейменовтің 2026 жылы аталып өтетін 90 жылдық мерейтойын өткізуге негізгі демеуші және серіктес ретінде қаржылық және өзге де қолдау көрсету» туралы өтініш келіп түсті. Қор Еуразия мәдениеттерін жақындастыруға арналған «Өз жерінің елшісі» атты ірі халықаралық форумды ұйымдастыру мен өткізуге қаржылай қолдау көрсетті. Форумға мүдделі елдердің өкілдері, халықаралық ұйымдардың басшылары, ғалымдар мен дипломаттар шақырылды. Сондай-ақ жалпы таралымы 14.000 дананы құрайтын орыс және қазақ тілдеріндегі біркатар жаңа кітаптарды («Осирис заңы», «Халқым, тарихыңды ұмытпа», «Олжас – ол жас», «Өз жерінің елшісі», поэмалар жинағы, жоғары оқу орындары мен мектептерге арналған мәдениеттерді жақындастыру бойынша оқу құралдары, «Олжас Сүлейменовтің әлем ұйқастары» ғылыми монографиясы, қанатты сөздер мен дәйексөздер қамтылған мерейтойлық күнтізбе) басып шығару қаржыландырылды.

2026 жылғы сәуірде «Ерікті мейірімділік қоғамы» қоғамдық қорымен бірлесіп Астана қаласында «Аутизмді жеңеміз» жобасына («ДОМ» ҚК) қатысатын аутизмді бар балалардың қатысуымен «Шыбын-шіркей» («Муха-Цокотуха») спектаклінің қойылымы өткізілді. Қор Астана қаласындағы театр сахнасында аталған спектакльді ұйымдастыру үшін 15.130 мың теңге көлемінде қаржы болді.

Сәуір айында Қор Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Жәния Әубәкірованың мұрасын сақтау және кеңінен насихаттауға бағытталған жеті фильмнен тұратын топтаманың тұсаукесері өтті. Фильм Қазақстанда және одан тыс жерлерде музыка оқу орындарының студенттері, кәсіби пианистер және кең аудитория үшін құнды білім беру ресурсын қалыптастыруға бағытталған.